

## ДӘРІСТЕРДІҢ МОДУЛДІК МАЗМҰНЫ

Аталмыш пән **4 модульден** тұрады: 1. Сот-лингвистикалық сараптама ғылыми бағыт және оқу пәні ретінде. 2. Сот-лингвистикалық сараптама және оның қағидалары. 3. Мәтін – сот-лингвистикалық сараптаманың нысаны. 4. Лингвистикалық білім және фоноскопиялық, автортанымдық сараптамалар.

### Модуль 1.

«Сот-лингвистикалық сараптама ғылыми бағыт және оқу пәні ретінде» деп аталатын 1 модуль келесі тақырыптарды қамтиды: Кіріспе. Сот-лингвистикалық сараптаманың жаңа бағыт ретінде қалыптасуы. Сот-лингвистикалық сараптаманың интегралдық сипаты және лингвистика мен заңгерлік салалардағы орны. Сарапшы-лингвистердің мақсаттары мен міндеттері және лингвистикалық сараптама қорытындысының өзектілігі.

### Дәріс 1.

#### Кіріспе. Сот-лингвистикалық сараптаманың жаңа бағыт ретінде қалыптасуы

Сот-лингвистикалық сараптама – лингвистикалық заңдылықтардың, теориялардың қолданбалы сипат алуына мұрындық болатын салалардың бірі.

Қазіргі уақытта сот-лингвистикалық сараптама сот барысында әділеттілікті, ақиқатты орната алатын деректерді анықтау ісіне лингвистерді тарту тәжірибесіне байланысты қарқынды даму үстінде.

*Сараптама* термині мемлекет, қоғамдық ұйымдар, жеке азаматтар мүдделеріне қатысты мәселелердің шешімінде мамандардың қатысуымен жүргізілген зерттеу дегенді білдіреді.

**Сот сараптамасы** – бұл жаңа дәлелдемелер алуда, сондай-ақ қолда бар дәлелдемелерді де тексеріп, анықтауда жүргізілетін өз алдына дербес процесуалдық форма. Ол жүргізілетін зерттеулерден және сарапшы алдына сот, төреші (судья), алдын ала анықтау органдары, алдын ала анықтауды жүргізуші тұлға, тергеуші немесе прокурор тарапынан қойылған, шешімі - белгілі бір ғылым, техника, өнер мен кәсіп саласы бойынша арнаулы білім талап етілетін сұрақтарға жауап беру әрекеттерінен тұрады. Сарапшы зерттеу нәтижесінде заңда қарастырылған дәлелдер көздерінің бірі болатын, ал онда қамтылған дерек мәліметтер – дәлелдемелер болып табылатын сарапшы қорытындысын құрастырады. Егер сараптама соттың анықтамасы немесе тергеушінің қаулысы негізінде жүргізілсе, онда сарапшы «сарапшы қорытындысы» немесе «сарапшылар (комиссия) қорытындысы» деп аталатын құжат құрастырады. Бұл жағдайда аталмыш құжат процесуалдық мәнге ие – дәлелдер көзі ретінде, ондағы қамтылған деректер – дәлелдемелік маңызды құжат болып табылады. Ол іс жүргізу заңында анықталған ережелерге сәйкес ресімделеді.

«Сот-лингвистикалық сараптама» ұғымымен байланысты мәселелер лингвистикада ХХ ғасырдың 60- 70 жылдарында пайда болды.

Тарихи тұрғыдан алғашқыда лингвистикалық сараптамалық таным мен тәсіл филологиялық пәнде – текстологияда көркем мәтінге авторлықты анықтау барысында жазбаша мәтінді зерттеуде және криминалистік міндеттердің шешімінде әдеби шығарманың авторын немесе оны орындаушыны, немесе жазбаша мәтіннің жасырын авторын анықтау үшін қолданылды.

Текстологиялық атрибуцияның міндеті шынымен бар авторлардың, ойдан шығарылған авторлардың, белгілі бір тарихи тұлғалардың әдеби шығармаларының жасанды нұсқаларын зерттеуден, сондай-ақ жасырын немесе бүркеніш атпен жарық көрген әдеби туындыларды зерттеуден басталады. Бұл орайда В.В.Виноградовтың «Проблема авторства и теория стилей» еңбегін атауға болады (Виноградов 1969).

Тілді қылмыстық зерттеуде – жасырын атпен түсетін түрлі арыз-шағым, бопса, қорқыту мазмұнындағы т.б. хаттардың авторларын анықтауда атрибуция тәсілдерін қолдану Ресейде 60 жылдардың аяғында Э.У. Бабаеваның еңбектерінде көрініс тапқан (Бабаева 1968).

Алғашқыда жазбаша тілдің авторы мен мәтінді орындаушы (жазушы) «біртұтас және бөлінбейтін кешен» ретінде қабылданды, алайда бұл біртұтастықтың барлық кезде жүзеге аспайтыны мәлім болып отыр. Әсіресе, жоғары билікке ие лауазымға бәсекелес субъектілердің арасында бірі бірінің үстінен жазбаша түрде таратылған жағымсыз мәліметтердің авторының жасырын атпен жариялануы я болмаса оның авторына тән жалпы индивидуалдық-стильдік парадигманың мәтінмен өзара сәйкестік таппай жатуына байланысты автор мен мәтінді біртұтас кешен ретінде қарастыру күманды болып табылады. Мәтінге авторлықты анықтаудың әмбебап әдіс-тәсілдерін іздеу үрдісін орыс тіл білімі мен заң ғылымдарындағы еңбектерден көреміз. Қазақстанда қылмыстық істе атрибуция әдіс-тәсілдерін қолдану мәселесі, сондай-ақ басқа бір автордың еңбектерін заңсыз иемдену, плагиат деректері теориялық тұрғыда негізделіп, толық қалыптаса қоймағанмен, тәжірибеден оның нұсқаларын, алғышарттарын кездестіреміз. Мысалы, жазушы шығармасының кейбір желілерінің, жалпы идеясының бұрмаланып көшірілуіне байланысты кейбір авторлар арасындағы дауларды, сондай-ақ плагиатқа байланысты, яғни белгілі бір автордың еңбегінің бұрмаланып, түрінің өзгертіліп, оған екінші тұлғаның заңсыз автор болу мәселесіне байланысты дауларды және автортануға байланысты даудың бір көрінісі ретінде Ақан серінің «Қараторғай» әніне қатысты баспасөзде жарық көрген Мұса Ғалымұлының «Ақан серінің Әлібек батырға ескерткіші немесе Қараторғай әні қалай шықты?» және Т.Қоңыратбайдың «Қателікті кім түзейді?» мақалаларын т.б. айтуға болады.

Ал ауызекі сөйлеу тілінің қылмыстық зерттелуі процесінде лингвистикалық танымның фоноскопиялық сараптамада қолданылуы Ресейде 70 жылдары В.Г.Щукшин, В.Х. Манеров, А.А.Ложкевич, Е.И.Галышина еңбектерінде қарастырылған.

Қазір ғылыми-техника жетістіктеріне орай мәтінді зерттеушілер оның әртүрлі лингвистикалық категорияларын автоматты түрде есептеп шығару мүмкіндіктерін қарастыра бастады. Алайда сот-лингвистикалық сараптаманың қарастыратын мәселелерінің өте көлемділігіне орай және оның барлық талаптарына сәйкес бағдарлама жасау өте күрделі мәселе. Дегенмен бұл бағыттағы келесі бағдарламаларды атап өтуге болады: АҚШ-та Prostyle программасы, Ресейде В.И.Бато «Лингва-экспресс», Белянин В.П. «ВААЛ»-компьютерлік бағдарламалары.

Жалпы лингвистика ғылымының жеткен жетістіктерін, нақты нәтижелерін қолдану мүмкіндігі криминалистердің алға тартатын міндеттеріне байланысты анықталады.

## **Дәріс 2.**

### **Сот-лингвистикалық сараптаманың интегралдық сипаты және лингвистика мен заңгерлік салалардағы орны.**

Сот-лингвистикалық сараптама пәнаралық сипатымен танылады. Ол тіл теориясы, жалпы тіл білімі, қазіргі қазақ тілі, стилистика, тіл мәдениеті, сөйлеу актілерінің теориясы, сондай-ақ іс жүргізу, психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика, фонетика, герменевтика, прагматика, қолданбалы лингвистика сияқты пәндермен тығыз байланысты.

Жасырын атпен берілген мәтіннің авторын немесе сот ісінде анықталған бір құжатқа субъектінің авторлығы күман туғызған жағдайларда мәтіннің лексикалық ерекшеліктері, яғни сөздердің кәсіби, жаргондық, диалектілік, стильдік сипаты, қолданылу жиілігі назарға алынады да, субъектінің әлеуметтік мәртебесі жөнінде белгілі бір деңгейде тұжырымдар жасалады. Осы орайда *СЛС (сот-лингвистикалық сараптама) мен әлеуметтік лингвистиканың* өзара байланысы туындайды. «Тілді әлеуметтік жүйенің нысаны ретінде түсінуді танытатын әлеуметтік лингвистикалық бағыт» субъект сөзін я

мәтінді «социолект – қандай-да бір әлеуметтік топқа (кәсіптік, жас мөлшері, таптық қатынасы т.б.) тән тілдік ерекшеліктердің жиынтығы» (Сулейменова, Смагулова 2005, 355-б.) тұрғысынан лингвистикалық талдау негізінде субъектінің я автордың әлеуметтік тобы, жас мөлшері, білім деңгейі жөніндегі мәліметтерді анықтауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, ауызша немесе жазбаша мәтіннің құрылымдық тұтастығын зерделеу арқылы осы мәтіннің туу кезінде оның авторының сол уақыттағы психо-физиологиялық күйін, ойлау жүйесіндегі ерекшеліктерді, жүйкесінің халін психологтармен бірлесе отырып анықтау сот-лингвистикалық сараптаманың *психолингвистикамен тығыз байланысын* танытады. Мұнда мәтін арқылы қылмыскердің немесе қылмыстық іске тартылған субъектінің психологиялық портретін жасауға болатыны сот тәжірибесінде кездеседі.

СЛС-ның психолингвистикамен байланысы қарым-қатынас психологиясын БАҚ-ындағы (Бұқаралық ақпарат құралдары) материал мазмұнының субъектіге (оқырман немесе жәбірленуші т.б.) эмоционалдық тұрғыдан әсер ету мүмкіндіктерінің психологиялық жайларын зерттеуде де байқалады. Баспасөз материалының ситуацияны баяндау стилі мен мәнері адамның я адамдар тобының сол жайға байланысты көзқарасының, пікірінің, эмоционалдық күйінің өзгеруіне әсер етуі мүмкін.

Лингвистикалық сараптама филологиялық зерттеудің ерекше түрі ретінде филологияның *герменевтика* (грекше –«сынаймын, түсіндіремін» деген мағынада) саласымен тығыз байланысты. Филологияның көне саласы - герменевтика мәтін сынымен, мәтіннің тілдік-композициялық құрылымын оның мазмұнымен, егер ол көркем шығарма болса, идеясымен, идеялық-эстетикалық және авторлық ниетпен байланыста талдаумен, сондай-ақ мәтіннің анықталған дәуірге сәйкес тілдік т.б. ерекшеліктер, мәдени-тарихи ақпараттар көрініс тапқан контекст мазмұны мен композициялық-тілдік құрылымын талқылаумен айналысады. Герменевтика белгілі бір мәтіннің түпнұсқа, канондық нұсқасын, сондай-ақ жасырын немесе бүркеніш атпен берілген сөз өнері туындыларына авторлықты анықтайды. Герменевтика аясында филологиялық мәтін интерпретациясы қалыптасты. Герменевтика қағидалары текстология, деректану, көркем шығарма тілі туралы ғылымдарда, палеография, эвристика (жасырын атпен берілген мәтіннің авторын анықтау) сияқты филологиялық пәндерде танылады. Бұл орайда В.В.Виноградов эвристиканың XIX-XX ғасырлардағы көркем әдебиет құбылыстарына қатынасына қарай қағидалары туралы айта келіп: «Бұл саладағы басты және негізгі зерттеу - жазушының жеке стилінің тілдік-көркемдік жүйесін терең және анық білу», - деп атап көрсетті /Виноградов 1969, 73-б./.

Сот-лингвистикалық сараптама жеке немесе заңды тұлғаның ар-намыс, абыройы мен іскерлік беделіне баспасөз жарияланымдары арқылы, сондай-ақ көпшілік алдында сөйленген сөз барысында нұсқан келуіне байланысты да жүргізіледі. Бұл тұрғыдағы сараптама лингвистиканың *тіл мәдениеті, тіл прагматикасы, тіл семантикасы сияқты салаларымен* тікелей байланысты. Жеке я заңды тұлғаның ар-намыс, абыройы мен іскерлік беделіне нұсқан келтірілді деген негізде соттық істің қозғалуына түрткі болған қандай-да бір жарияланымның тіл мәдениеті, прагматикасы келесі тілдік ерекшеліктер тұрғысынан зерттеледі:

- Жазба тіл нормасына сәйкестігі - автор мақаласының баяндалуында, мән-мазмұнында негізгі контексті дұрыс түсінуге мүмкіндік беретін анықталған тілдік нормалардың сақталуы;
- Сөйленістің нақтылығы – сөйлем мен сөздерде, жалпы синтаксистік құрылымдарда ойдың жеткілікті түрде нақты білдірілуі, бір мәнді түсінілуі, қосымша түсіндіруді керек етпеуі;
- Тілдің мәнерлілігі – ойды білдіруде оқырман қызығушылығын арттыратын әдістерді (сөйленіс құралдарының алуан түрлілігі, бай лексикалық қорды белсенді пайдалануы) қолдану ерекшелігі;
- Баяндаудың қисындылығы – мақала бөліктерінің өзара логикалық байланысқа ие болуы, алдыңғы сөйлемнің мәнінің келесі сөйлемде бірізді жалғасуы;

- Сөйленістің орындылығы, эстетикалық деңгейі, тіл тазалығы – қайшылықты аргументтердің болмауы, әдеби тілге жат жаргонизмдер мен тұрпайы лексиканың (вульгаризмдер) болмауы, тұлғаға байланысты теріс қатынасты білдіретін инвективті лексиканың болуы/болмауы. Семиотиканың бір бөлімі болып табылатын *прагматиканың нысаны* - анықталған ситуативті контексте тілдік таңбаның адресант-субъекті тарапынан қолданылу сипаты мен мәні және оның тыңдаушы я оқырман тарапынан қабылдануы тұрғысынан қарастырғанда СЛС-мен өзара байланысқа түседі.

### Дәріс 3.

#### Сарапшы-лингвистердің мақсаттары мен міндеттері және лингвистикалық сараптама қорытындысының өзектілігі

Сарапшы-лингвист:

- Қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша келуге;
- өз алдына қойылған мәселелер бойынша негізделген және объективті жазбаша қорытынды беруге;
- жүргізілген зерттеулер мен берілген қорытындыға байланысты мәселелер бойынша жауап беруге;
- сараптама жүргізу барысында өзіне белгілі болған істің жағдайы туралы мәліметтерді және өзге де мәліметтерді жарияламауға;
- тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында тәртіп сақтауға **міндетті**.

Сарапшының:

- қылмыстық істің сараптама жүргізуге қатысты материалдарымен танысуға;
- қорытынды беру үшін өзіне қажетті қосымша материалдарды беру туралы өтініш білдіруге;
- қылмыстық процесті жүргізуші органның рұқсатымен тергеу әрекеттерін жүргізуге және басқа да іс жүргізу әрекеттеріне қатысуға және оған қатысушыларға сараптама жүргізуге қатысты сұрақтар қоюға;
- өзі қатысқан тергеу немесе өзге де іс жүргізу әрекеттерінің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және өзінің әрекеті мен жауаптарының толық және дұрыс көрсетілуіне қатысты хаттамаға енгізуге жататын ескертулер жасауға;
- сараптаманы тағайындаған органның (тұлғаның) келісімі бойынша өз құзыреті шегінде тек алдына қойылған мәселелер бойынша ғана емес, сонымен бірге іс үшін маңызы бар және өз бастамасымен анықталған өзге мән-жайлар бойынша да қорытынды беруге;
- өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде қорытынды ұсынуға және айғақ беруге;
- аудармашының көмегін тегін пайдалануға;
- қылмыстық істі жүргізуші органның сараптама жүргізу кезінде өз құқығына нұқсан келтірген әрекетіне орай шағым жасауға;
- өзінің арнаулы білімінің ауқымынан тыс мәселелер бойынша, сондай-ақ егер өзіне берілген материалдар қорытынды беру үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қорытынды беруден бас тартуға;
- егер сарапшының зерттеу жүргізгенге дейін оның алдына қойылған мәселелер өзінің арнайы білімдерінің аясынан тыс екеніне не оған ұсынылған материалдар қорытынды беру үшін жарамсыз немесе жеткіліксіз екеніне және орындалуы мүмкін емес екеніне, не ғылым мен сараптама тәжірибесінің жайы қойылған сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік бермейтініне көзі жетсе, ол қорытынды берудің

мүмкін еместігі туралы дәлелді хабарлама жазып, оны сараптама тағайындаған органға немесе тұлғаға жіберуге;

- сараптама жүргізу кезінде келтірілген шығындарға өтем және егер сот сараптамасын жүргізу оның қызметтік міндеттерінің шеңберіне кірмесе орындалған жұмыс үшін төлемақы алуға **құқығы бар**.

Сарапшының:

- Қылмыстық істі жүргізуші органнан басқа процеске қатысушылармен сараптама жүргізуге байланысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге;
- өз бетінше зерттеуге арналған материалдар жинауға;
- егер оған сараптама тағайындаған органның арнаулы рұқсаты болмаса, объектілерді толық немесе ішнара жоюға не олардың сыртқы түрін, немесе негізгі қасиеттерін өзгертуге әкеп соқтыратын зерттеулер жүргізуге **құқығы жоқ** (ҚР ҚІЖК, 2000 ж., 83-бап).

**«Сот-лингвистикалық сараптама және оның қағидалары»** деп аталатын **2 модуль** келесі тақырыптардан тұрады: Сараптама туралы жалпы мәлімет (сот сараптамаларының тектік, нақты және тікелей нысандары; сараптамалардың классификациясы). БАҚ материалдары бойынша сот-лингвистикалық сараптамалар. Сот-лингвистикалық сараптама қорытындысының тағайындалуы мен дайындалуы. Сот-лингвистикалық сараптаманың концептуалдық және терминологиялық аппараты.

#### Дәріс 4.

Сараптама туралы жалпы мәлімет (сот сараптамаларының тектік, нақты және тікелей нысандары; сараптамалардың классификациясы)

Қазіргі уақытта филология саласы бойынша арнаулы білім соттық сараптаманың екі түрлі тегінде – сараптаманың нысаны ретінде мәтінді дыбыстық және жазбаша түрге бөлетін соттық фоноскопиялық және соттық автортану сараптамаларында, сондай-ақ заңды немесе жеке тұлғаның ар-намыс, абыройы мен іскерлік беделіне тілдік құралдары арқылы нұқсан келуіне байланысты азаматтық істерде пайдаланылады. Бұл орайда идентификациялық және диагностикалық міндеттердің тұтас кешендік шешіміне байланысты әдістемелерді талдауда осы екі бағытты соттық сараптаманың бір тегі аясына біріктіруге жасалынған талпыныстардың әзірше нәтижесіз болып жатқаны туралы Е.И.Галышина сөз қозғайды: «Сот-лингвистикалық сараптама» атауының өзі соттық сараптаманың жалпы теориясында «сараптаманы тәсілі бойынша емес, зерттеу нысаны бойынша атау керек», - деп қабылданылған ұстанымына қайшы келетінін атап өтеді. Бұл тұрғыда соттық сараптаманың зерттеу нысандарын С.Ф.Бычкова былай жіктейді:

«Сот сараптамасының *тектік нысаны* – бұл ортақ, жалпы белгілерге иеленген нысандардың жиынтығы. Тектік (түрлік) нысан сараптаманың жекелеген түрлерін ажыратуда айтарлықтай орын алады.

Сот сараптамасының *нақты нысаны* деп нақты сараптамалық зерттеудің өзіне тән ерекшелігін анықтайтын индивидуалдық әрі басқа сараптамаларда қайталанбас нысанын атайды.

Зерттеудің *тікелей нысаны* бір ғана ақпараттық материалдың сараптаманың әр түрлі тектерінің нысаны бола алу мүмкіндігіне байланысты ажыратылады. Соған орай зерттелетін нысанның қасиеттерін және сарапшы жақтарды мақсатқа сәйкес анықтау ұсынылады» (Бычкова 1999, 42-б.). Бұл орайда сот сараптамасының нысаны ауызша және жазбаша мәтіндер болып табылып, оны зерттеу тікелей тілдік тұрғыдан жүзеге асырылса, онда сот сараптамасының бұл түрі оның лингвистикалық тегін анықтайды. Себебі ауызша және жазбаша мәтіндер жеке немесе заңды тұлғаның ар-намыс, абыройы

мен іскерлік беделіне кір келтіру дерегі бойынша бірыңғай тілдік-семантикалық, прагматикалық, стильдік талдауға түссе, ал автортанымдық сараптамада даулы мәтінге авторлықты анықтауда және фоноскопиялық сараптамада сөйлеушіні сәйкестендіруде (идентификациялау), сондай-ақ түрлі тілдік дау-жанжалдар мен қайшылықтарды шешуде қолданылатын амал-тәсілдердің кейбір айырмашылықтарына қарамастан, олардың қай-қайсында да жалпы лингвистикалық заңдылықтар тірек етілетіндіктен, бұлардың барлығын сот-лингвистикалық сараптама тегіне енгізіп, оның ішкі түрлері ретінде қарастыру қажет деп ойлаймыз.

Сот-лингвистикалық сараптаманың ішінде автортанымдық сараптаманың зерттеу пәні, мақсат-міндеттері өзіндік индивидуалдық ерекшеліктерге, өзіндік зерттеу тәсілдеріне ие болса, БАҚ құралдары арқылы заңды немесе жеке тұлғаның ар-намыс, абыройы мен іскерлік беделіне кір келтіру дерегіне байланысты жүргізілетін сараптаманың да зерттеу барысында тілдік қағидаларды басшылыққа алуында өзіндік өзгешеліктері бар. Фоноскопиялық сараптама туралы да осы сипатта пікір айтуға болады, яғни жалпы лингвистикалық заңдылықтарды басшылыққа алатын осы лингвистикалық сараптама түрлерінің әрқайсысы сараптаманың нақты нысанын анықтайды.

Сот ісінде ауызша және жазбаша мәтіндер тек лингвистикалық сараптама нысаны ғана емес, сондай-ақ әлеуметтану, психология ғылымдарының мүдделерінен де табылатын ақпараттарды қамтуы мүмкін. Мұндай жағдайда сараптаманы тағайындаушы тұлға я мекеме сараптама барысында шешілуі тиіс мәселе тікелей қай ғылымның нысаны болып табылатынын я бірнеше ғылым салаларының бірігуінде шешілуі мүмкін мәселеге жататынын/жатпайтынын анықтап, мақсатқа сәйкес сарапшы жақтарды іске тартуы қажет. Осы тұрғыда аталмыш сараптаманың тікелей нысаны анықталады.

## Дәріс 5.

### БАҚ материалдары бойынша сот-лингвистикалық сараптамалар

Сот-лингвистикалық сараптама өткізу туралы өтініштер заң мекемелерінен нақты бір жарияланым немесе көпшілік алдындағы сөйленілген сөз нәтижесінде өзін жәбірленуші ретінде есептейтіндерден; сондай-ақ, керісінше, *жеке тұлға құқығын бұзғаны туралы айыптаулардан «қорғау» іздеушілердің* сот төрелігіне жүгінуі негізінде, яғни жоғарыда аталғандай материалдар авторларынан да түсетінін көреміз. Мәселен, жоғарыда талданған А.Әбсадықовтың «Әкімге еріп ғарышкерді «ғайбаттады»» мақаласында: «Кандидаттар жөнінде үгіт болсын, дәріптесін, бірақ өзге үміткердің намысына тиюге жол берілмесін, жұртты соған үндеп, ықпал етулеріңізді сұраймын», - деп мақаласының жалпы мазмұнында көпшілік алдындағы сөзінде Б.Бүркітбаев ғарышкер Т.Әубәкіровтің намысына тиді деген мәліметті жеткізсе, Б.Бүркітбайұлының «Қазақстан-Заман» газетінің 17.09.2004 жылғы №38 санында «Сотқа жүгінуге мәжбүрмін» хаты жарияланды. Онда: «Республикалық «Жас алаш» газетінің 4 қыркүйек 2004 жылғы №106 санында Ахмет Әбсадықовтың «Әкімге еріп ғарышкерді ғайбаттады» деген материалы жарияланды. Онда менің арыма, қадір-қасиетіме және іскерлік беделіме нұқсан келтіретін сөздер бар. Мұны менің сөйлеген сөзімді әдейі бұрмалап, маған жала жабылды деп білемін», сондай-ақ «Материалдағы ішінара мен айтты деген сөздер: «Сіз бұл жақтан неге түстіңіз, неге келдіңіз. Біздің мүддемізді жергілікті азамат, қаланың бұрынғы әкімі Қожахмет Баймаханов қорғайды. Сол кісіге дауыс береміз. Еліңізге қайтыңыз деп ежірейді», - деуі автор тарапынан шығарылып отырған жала. Өтірік. Шындыққа жанаспайды. Жергілікті деп бөлген жоқпын, қорғайды деп пікір айтқан емеспін. Мен бұл сөздерді арандатушылық, трайбализмді қозғау деп білемін. Қазақтың маңдайына біткен қос жұлдызының біріне – Тоқтарға қарсы сөз айту – жетесіздік, көргенсіздік. Қазақ Тоқтарды мақтауы емес, Тоқтармен мақтануы тиіс деп білемін. Жылы лебіздерім – хаттамада. Бұл

жиналыста Тоқтар – сайланушы, ал мен – сайлаушы ретінде болдық. Ал тырнақ астынан кір іздеушілер «мәселеге басқаша» танытуы да байқалады.

Осындай мән-жайларды жазбаша хабарлай отырып, мен конституциялық құқыма нұқсан келді, сайлау туралы заң талаптары бұзылды, сол арқылы А.Әбсадықов баспасөз арқылы көпе-көрнеу кейбір дәлелденбеген фактілерді маған таңып отыр – деп сот төрелігіне жүгінудемін». Көріп отырғанымыздай, жеке тұлғалар арасында келіспеушіліктердің туындауы Парламент Мәжілісінің депутаттығына үміткерлерді қолдау, үгіттеу әрекеттерінің жүзеге асырылуындағы тілдік құралдардың қолданысымен тікелей байланысты болып тұр. Жеке тұлғалардың аталмыш қоғамдық шараға өзіндік пайым, көзқарастарының әр түрлілігі олардың сөздерінен белгілі болып тұр. Сондай-ақ бұл мәселенің шешімінде тілдік бірліктердің, синтаксистік құрылымдардың семантикалық тұрғыда қолданылу ерекшеліктерімен бірге жеке тұлғалардың интенциясы, оның тілдік таңбалар көмегімен жеткізілуі және тілдік таңбаны қабылдаушы тұлғаның оған байланысты пайымдары арасында орын алған қайшылықтардың да ескерілуі қажет. Ашық баспасөз жарияланымдары негізінде лингвист сарапшы шешіміне (кұзырына) қойылатын сұрақтар шамамен төмендегідей:

1. Берілген баспасөз материалында N-ға қатысты қорлау, тіл тигізу ниеті қамтылған ба? Егер қамтылса, ол мәтіннің қай бөліктерінен орын алған, қандай сөздер, сөйлемдер я сөз тіркестері арқылы білдірілген?
2. Жарияланымдағы даулы үзіндіде анықталған субъектінің жеке тұлғасы мен қызметі, іс-әрекетіне қатысты автордың бағалау пайымы қамтылған ба?
3. Жарияланымда анықталған субъектінің жеке тұлғасына қатысты теріс көзқарас тууына түрткі болатын сөйленістер бар ма?
4. Жарияланымның талапкер-субъект даулап отырған үзіндісінің контекстік мағынасы қандай?
5. Жарияланым мәтінінің мейлінше елеулі әрі маңызды жанрлық, психолингвистикалық және стилистикалық ерекшеліктері қандай?
6. Жарияланымды стилистикалық, композициялық тұрғыдан, сондай-ақ лексикалық компоненттерін семантикалық тұрғыдан талдай келгенде, оның көпшілік оқырманға арналған жарияланым мәтіні ретінде көздеген мақсаттары қандай?
7. Жарияланым авторының тіл мәдениеті, тілдік этикеті тұрғысында не айтуға болады?

«Ашық баспасөз материалы негізінде ар-намыс, абырой мен іскерлік беделді қорғау туралы талаптар тұрғысындағы лингвистикалық сараптаманың міндеті сараптауға ұсынылған мәтінде орын алған сөздер мен сөз тіркестерінің ерсі түрде беріліп адамның ар-намыс, абыройы мен іскерлік беделін таптау үшін қолданылу мүмкіндігін ескере отырып, олардың мағынасын және стильдік бояуын тыңғылықты зерттеу болып табылады. Жарияланымдық, журналистік материал сапасының жоғары деңгейі мәтін авторының этикалық танымымен де бағаланады» (Бельчиков 2002, 424-б.).

## Дәріс 6.

### **Сот-лингвистикалық сараптама қорытындысының тағайындалуы мен дайындалуы**

Сарапшы қорытындысы – бұл қылмыстық-процессуалдық заңда санамаланған дәлелдер көздерінің бірі (дерекнама). Сарапшы қорытындысындағы сарапшының зерттеу нәтижелері бойынша жасаған тұжыжырымдамалары, ой түйіндері дәлелдемелік маңызға ие. Сарапшы қорытындысының мазмұны ҚР ҚДЖК 251-бабында регламенттелген. Заң бойынша қажетті зерттеулер жүргізілгеннен кейін сарапшы қорытынды жазады. Онда сарапшының, аты-жөні, білімі, мамандығы, ғылыми атағы, дәрежесі, қызметі, сондай-ақ сараптаманың өткізілу негіздемесі, сараптама өткізуде кім қатысқаны, сарапшының қандай материалдарды қолданғаны,

сондай-ақ қолданылған әдістерді нұсқай отырып, қандай зерттеу жүргізгені туралы, және сарапшыға қойылған сұрақтар мен оның жүйелі негізделген жауабы жазылады.

Қорытынды 3 бөлімнен тұрады: кіріспе, зерттемелік және тұжырымдама бөлімдері.

#### **Кіріспе бөлімде :**

- қорытындының нөмірі және жазылған күні, сарапшының атқаратын міндеті (қызметі), сараптамалық мекеменің атауы, лингвист-сарапшының аты-жөні, білімі, мамандығы, сараптама саласындағы еңбек өтілі, ғылыми атағы мен ғылыми дәрежесі.
- Сараптама өткізу негіздемесі (тергеуші, прокурордың не сараптаманы тағайындаған органның қаулысы).
- Азаматтық немесе қылмыстық істің №, қылмыстық сараптама нысанына қатысты қаулыда көрсетілген істің желісі мен жағдайы туралы баяндау.
- Сараптаманың түрі (лингвистикалық).
- Сараптамаға ұсынылған нысандар тізімі және сипаттары.
- Сарапшы алдына қойылған сұрақтар тізімі.
- Сараптама қосымша немесе қайтадан тағайындалған жағдайда алғашқы сараптама мәліметтері, оның тұжырымы, сондай-ақ қосымша немесе қайта тағайындалған сараптаманың жүйелі негіздемесі келтіріледі.
- Көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы өзіне ескертілгенін сарапшының қол қоюымен куәландырылған белгі.

**Зерттеу бөлімінде** сарапшы сараптамалық зерттеу процесін баяндайды:

- Зерттеу нысанын тыңғылықты сипаттау. Қажет жағдайда суреттермен (фотографиялармен) көрнекілендіруге болады.
- Қолданылған әдістемелер, әдіс-тәсілдер, алынған нәтижелер, анықталған белгілер және олардың бағасы.
- Жүргізілген сараптамалар (олардың мақсаты, мазмұны, жағдайы мөлшері, алынған нәтиженің сенімділігі, оларды белгілеуде қолданылған құралдар мен тәсілдер).
- Лингвистикалық талдау нәтижесінде анықталған мәнді, елеулі белгілер және зерттелетін объектінің қасиеттері .

- Анықталған белгілерді салыстыра зерттеудің жолдары мен амалдары, олардың арасында анықталған сәйкестіктер мен айырмашылықтарды бағалау нәтижелері – осы шешімді қабылдаудағы ережелер, алгоритмдер.

**Тұжырымдамада** тергеуші (сот) тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріледі. Қорытындының ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада анықталған белгі, мәселелер көрініс тапқан кестелер келтіріледі. Зерттемелік бөлімнің мәтінде қосымшаға сілтемелер жасалады. Материалдарды түсінікті және көрнекілікті пішінде ұсыну сарапшы жасаған тұжырымның дұрыстығын, толықтығын бағалауға мүмкіндік береді. Сарапшы қорытындысында сараптаманың зерттеу процесінің барлық сатылары, оның ішінде алынған материалдарды сарапшының тексеруі, олардың алдын ала, жеке, салыстырмалы зерттеулері, алынған нәтижелердің бағасы және тұжырымдаманың жасалу негіздемесі қамтылады. Тұжырымдар қойылған сұрақтарға толық, бірімәнді түрде сәйкес келіп, басқалай талқылауға жол бермеуі керек. Қосымшамен бірге сараптама қорытындысының әр бетіне сарапшы қол қоюы керек. Сарапшы қолы сараптамалық мекеменің мөрімен расталады. Сарапшы қорытындысын сот мойындайтындай болуы үшін, ол ғылыми тұрғыдан негізделген, сенімді әдістемелерге, әдістерге сүйенуі керек. Лингвистикалық сараптама жүргізу технологиялық аспаптар мен ақпараттармен қамтамасыз етілуі керек. **Лингвистикалық сараптаманың әдістері** – бұл сарапшы алдына тартылған сұрақтар шешіміндегі тілдік мәліметтерді анықтаудағы логикалық және аспаптық операциялар жүйесі.

Лингвистикалық сараптама әдістемесі – бұл лингвистикалық сараптама объектісін зерттеуде оның нысанына қатысты деректерді анықтауда қолданылатын



лингвистикалық әдістер жүйесі. Ол әдістер тәжірибеден өткен және ғылыми негізделген болуы керек.

#### **Сот-лингвистикалық сараптама қорытындысының бағасы.**

Сарапшы қорытындысы алдын ала күшке енбейтін дәлелдемелер қатарына жатады. Ол басқа да дәлелдемелер қатарында жан жақты әрі сындық тұрғыдан мұқият бағаланады.

Бағалаудағы формалды элементтер:

- Сараптаманың процессуалды тағайындалуы мен өткізілу тәртібінің сақталуы тексеріледі.
- Қорытындының рәсімделеуінің дұрыстығы, заңда көрсетілген барлық талаптардың бар болуы қадағаланады.
- Қорытындының кіріспе бөлімінде онда көрсетілген мәліметтер негізінде сарапшының артықшылықтары бағаланады.
- Сарапшының қатынасы оның іс нәтижесіне мүдделілігі немесе мүдделі еместігі тұрғысынан бағаланады.
- Сарапшы зерттеген объектілердің мүмкіндігі, процессуалдық сапасы тесеріледі.
- Қорытындының сенімділігі, негізділігі, деректілігі, жүргізілген зерттеумен сәйкестігі тексеріледі.
- Сарапшыға ұсынылған материалдардың толықтығы тексеріледі.

Егер лингвистикалық зерттеу заңды немесе жеке тұлғаның (қорғаушы бюросының, қорғаушының, азаматтың т.б.) хаты (сұранысы) бойынша жүргізілсе, онда зерттеу нәтижесінде «Сарапшы зерттеуінің актісі», «Лингвистикалық қорытынды», «Филологиялық зерттеу», «Маман қорытындысы» т.б. атқа ие бола алатын құжат құрастырылады. Бұл жағдайда құжат оны құрастырудағы және ресімдеудегі қатаң ережелердің сақталуынсыз қойылған сұрақтарға негізді жан-жақты жауап ретінде ресімделеді».

### **Дәріс 7.**

#### **Сот-лингвистикалық сараптаманың концептуалдық және терминологиялық аппараты**

*Авторлық құқық* шығармашылық қызмет нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына олардың бағытына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ оларды білдіру әдісі мен нысанына қарамастан қолданылады (ҚР-ның Азаматтық кодексі, 50-тарау, 971-бап).

*Азаматтық талапкер* - өзіне тікелей қылмыспен мүліктік залал келтірілді деп ұйғаруға жеткілікті негіз бар және оны өтеу туралы талап қойған жеке және заңды тұлға азаматтық талапкер болып табылады. Азаматтық талапкер моральдық зиянды мүліктік өтеу үшін де талап қоя алады (ҚР ҚІЖК 9-тарау, 77-бап).

*Аноним (грекше-анонимос* аты белгісіз деген мағынада) - әдеби шығарманың әр түрлі себептерге көбінесе, саяси жағдайға байланысты авторы көрсетілмей жарияланады. Мұндайда бүркеншік есім (псевдоним) де қолданылмайды. Бір кезде Пушкиннің, Лермонтовтың, Некрасовтың кейбір шығармалары, Белинскийдің жеке сын мақалалары авторы көрсетілмей басылған. Қазақ газет, журналдарында, баспасөзінде кейбір әдеби шығармалар авторы көрсетілмей басылғанын көреміз. Мұндай шығармалардың нақтылы авторын айқындау үшін арнайы текстологиялық зерттеу жүргізілуі қажет (Бекниязов Т. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б. 44-б.).

*Жеке тұлға* деп ҚР-ның азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар ұғынылады (ҚР Азаматтық кодексі, 12-бап).

*Заңды тұлға* деп меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз

атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға танылады.

Заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы болуға тиіс.

Заңды тұлғаның өз атауы жазылған мөрі болады (ҚР Азаматтық кодексі, 33-бап).

*Интеллектуалдық меншік* құқығының объектілеріне интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері (ғылым, әдебиет және өнер туындылары; орындау, фонограмма және хабар таратуды ұйымдастыру; өнертабыс, пайдалы үлгілер, өндірістік үлгілер; селекциялық жетістіктер; интегралдық микросызба топологиялары; ашылмаған ақпарат, оның ішінде өндіріс құпиялары – ноу-хау) және азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдары (фирмалық атаулар; тауарлық белгілер – қызмет көрсету белгілері; тауаршығарылатын жерлердің атаулары) жатады. Интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижесінің авторы болып танылу құқығы (авторлық құқық) жеке мүліктік емес құқық болып табылады және оған шығармашылық еңбегімен интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижесін жасаған адам ғана ие бола алады.

Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарына арналған құқық иелері осы құралдарға қатысты мүліктік құқықтарға ие болады.

*Маман* ретінде іске мүдделі емес, дәлелдерді жинауда, зерттеуде және бағалауда, сондай-ақ техникалық құралдарды қолдануда жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі бар адам тергеуге және сот әрекеттеріне қатысуға шақырылуы мүмкін (ҚР ҚІЖК 10-тарау, 84-бап).

*Плагиат* (латынша – plagio – ұрлау деген мағынада) – басқа біреудің әдеби шығармасын иемдену, не оның үлкенді-кішілі бөлшектерін өз шығармасына енгізіп пайдалану. Бұл яғни басқаның шығармасын ұрлап пайдалануды білдіреді. Әдеби еңбекті (шығарманы) немесе оның бір бөлігін түпнұсқасын атамай, өз атынан жариялауға ұмтылғанда, кейде ізін жасыру үшін әр түрлі әдістер қолданушылық та кездеседі. Мысалы, алған тексіне кейбір өзгерту, ауыстыру, басқа сөзбен алмастыру (имитация), тағы тағылар. Мұндай өзгерту көп болса, плагиатты дәлелдеу оңайға түспейді, арнайы салыстырып тексеруді қажет етеді. Плагиаттық (жиендік) жасап, басқа біреудің шығармасын иемденіп, еңбегін пайдаланған адам авторлық правоны бұзғаны үшін заң алдында кінәлі болады (Бекниязов Т. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б. 268-б.).

*Сабақтас құқықтар* қойылымдарға, орындаушылыққа, фонограммаларға, эфирлік және кабельдік хабар таратушы ұйымдардың хабарларына, олардың мақсатына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ олардың көрсетілу әдістері мен нысандарына қарамастан қолданылады. Орындаушылар, фонограмма жасаушылар мен эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдары сабақтас құқық субъектілері болып табылады. Фонограмма жасаушы, хабар тарату ұйымдары ҚР-ның Азаматтық кодексінің 51-тарауында көзделген сабақтас құқықтарды фонограммаға жазылған не эфирге немесе кабель арқылы берілетін туындының орындаушысымен және оның авторымен жасалған шарт бойынша алынған құқықтар шегінде жүзеге асырады (ҚР-ның Азаматтық кодексі, 986-бап).

*Сарапшы* ретінде іске мүдделі емес, арнаулы ғылыми білімі бар адам шақырылуы мүмкін. Сараптама жүргізу тапсырылуы мүмкін адамға қойылатын өзге де талаптар ҚР-ның заңдарымен белгіленеді. Сарапшыны шақыру, сараптама тағайындау және жүргізу ҚР ҚІЖК-нің 32-тарауында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады (10-тарау, 83-бап).

*Фирмалық атау* – азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралы ретінде танылады. Тіркеліп қойған заңды

тұлғаның фирмалық атауына ұқсас фирмалық атауды пайдалануға болмайды, өйткені бұл тиісті заңды тұлғалардың ұқсап кетуіне, сондай-ақ олар шығаратын тауарлар немесе көрсететін қызметтер жөнінде жаңылыстыруға әкеп соғуы мүмкін (ҚР-ның Азаматтық кодексі, 1020-бап).

*Тауар белгісі* деп тіркелген не халықаралық шартқа орай тіркеусіз қорғалатын сөзбен жазылған, бейнеленген, көлемдік белгілер немесе бір тұлғаның тауарларын немесе көрсететін қызметтерін екінші тұлғаның біртектес тауарлары мен қызметтерінен ерекшелену үшін қолданылатын басқа да белгілер танылады. Тауар белгісі ретінде тіркеуге жол берілмейтін белгілер, тауар белгілерін тіркеу, олардың қолданылуын тоқтату және тіркелуін жарамсыз деп тану тәртібі, сондай-ақ тіркелмеген тауар белгілерін құқықтық қорғауға жол берілуі мүмкін болатын жағдайлар тауар белгілері туралы заң актілерімен белгіленеді (ҚР-ның Азаматтық кодексі, 1024-бап).

БАҚ негізінде туындаған тілдік дауларға байланысты лингвистикалық сараптамалар барысында тұлғаға қатысты қорлау, тіл тигізу, жала сипатындағы мәліметті анықтауда *ақпарат, баға, қорлау, болжам, тұжырым* сияқты т.б. ұғымдардың аражігін ажырату қажет болады. Ресей сарапшы-ғалымдары М.В.Горбаневский т.б. №15/08 «Маман-лингвистердің қорытындысында» бұл ұғымдарды келесі түрде анықтайды:

**«Ақпарат** әлемдегі оқиғалар, жалпы қоғамда орын алған жағдай, іс ахуалы туралы және соған байланысты оның авторының көзқарасы орын алған мәтіндік формадағы тілдік сөйленістер жиынтығы болып табылады. Ақпарат (мәлімет) тұжырым (утверждение) немесе болжам түрінде білдірілуі мүмкін. Ақпарат деректі (фактологиялық) және бағалауыштық болып бөлінеді.

Нақты оқиға, жағдай туралы және оған қатысты тұлғаның әрекеттері мен қылықтары туралы **деректік ақпарат** шындыққа сәйкестігі (болды я болған жоқ) тұрғысынан тексеріле алады. Ал оқиғалар я жағдайлар, адамдар қасиеті мен қылықтары қандай-да бір әлем сипатында, қандай-да бір құндылықты жүйеде жақсы я жаман нәрсе тұрғысында сипатталып (қайырымдылық пен жауыздықтың нақты түрлерінде: сенсорлық, рационалдық, эмоционалдық, әлеуметтік, утилитарлық, этикалық, эстетикалық) бағалауыштық ақпарат ретінде танылады. Кейбір тұжырым түріндегі (жеке бағалауыштық тұжырым) бағалауыштық ақпарат шындыққа сәйкестігі тұрғысынан тексеруге келмейді». Мысалы, «Бұл корреспондент дегенің қып-қызыл пәле...» деген тұжырым корреспондентке байланысты пайым, көзқарастардың әр түрлілігіне орай тексеруге жатпайтын болса, «Корреспондент оның сұхбат бермеуге лажын қалдырмады» я «Корреспондент Асқар өзіне жүктелген тапсырманы мүлтіксіз орындайды» сияқты баға қамтылған тұжырым оның нәтижелерін мақалалары т.б. арқылы шындыққа сәйкестігін тексеруге келеді.

Жағымсыз ақпарат – мораль, салауаттық көзқарас тұрғысынан немесе құқықтық тұрғыдан жеке я заңды тұлғаның бет-бейнесіне, әрекеттеріне қатысты жағымсыз мінездеме қамтылған ақпарат. Егер жағымсыз ақпарат шындыққа сәйкес келмесе, онда мұндай мәлімет өзі қатысты субъектіні қорлау болып табылады.

Жағымсыз ақпарат деректік-фактологиялық (адамдар әрекетінің жайлары, іс-қимылдары, қылықтары немесе оқиға туралы) немесе бағалауыштық (қандай-да бір құндылықтар жүйесіне негізделген, қандай-да бір жеке я топтық әлем бейнесінде әрекет ететін субъективті пікірді қамтиды) болуы мүмкін.

Жағымсыз бағалауыштық ақпарат пікірдің бір түрі ретінде шындыққа сәйкестігі критерийі тұрғысынан, яғни ақиқат я жалған деп қарастырылмайды.

**«Түсініктеме (комментарий)** – бұл бір нәрсе, құбылыс, оқиға жайында түсініктеме беру, сондай-ақ сындық ескертпенің орын алуы, бір нәрсені талқылау, түсіндіру.

**Дерек** – бұл шындығында орын алған құбылыс, ақиқат оқиға; оның ақиқаттығы хронометраждау, суретке түсіру мүмкіндіктері, материалдық айғақтар, тексеру нәтижелері арқылы анықталады. Ашық баспасөзде келтірілетін деректер журналист тарапынан, яғни материал авторы тарапынан талданып, ал риторикалық сұрақтар автордың негізгі міндетін

– деректерді салғастыру, ой елегінен өткізу және талқылау – жүзеге асырудағы элемент болып табылады. Баспасөздегі материалдардың шығу көздері сілтеніп негізделеді.

**Пайымдау** – құбылыстар мен нәрселерге, олардың қасиеттері мен байланыстарына қатынасында қандай-да бір ойдың тұжырымдалуы я теріске шығарылуы.

**Пікірдің** тұжырымнан айырмашылығы оны ақиқат я жалған деп ажыратуға болмайды, алайда пікір шындықтағы дерек оқиға арқылы расталуы я расталмауы мүмкін. Оқиға, дерек, тұлға туралы пікірді білдіруде *менің ойымша, мен ... деп ойлаймын, ..... деп есептеймін* сияқты конструкциялар қолданылады: «Премьер-министр сөйлеп болғаннан кейін ешкімге сауал қойдырмау сценарийін алдын-ала ойластыруы бек мүмкін. Әрине, бұған арнайы сценарий құрыпты *деп айта алмаймын*. Себебі, көзіммен көрген жоқпын. Ешбір ақылға сыймайтын нәрсе *деп ойлаймын*» (Т.Тілеубай «Парламент пен үкімет жасырынбақ ойнап отыр» // «Жас қазақ» газеті, №42, 21 қазан 2005 ж.)

Пікірдің ақпараттан айырмашылығы дерекке негізделіп те, дерекке негізделмей де алдын ала айтылуы мүмкін. Пікірде деректің я ақиқаттың өзі емес, дерек я ақиқат туралы сөйлеушінің ойы беріледі.

*Біқтимал, солай сыңайлы, мүмкін, солай көрінеді* сияқты модаль формалар арқылы оқиға туралы күман, сенімсіздік мәнін тудыру **болжамда** орын алады. Мысалы, «Жаңа технологияны енгізушілердің айтуына сүйенсек, ақпараттық технологиялар саласының үздік жетістіктерін пайдалана отырып жүргізілетін бұл сайлау әділетті өтпек. Және осы сайлаудан соң, еліміз демократияға *бір қадам алға баспақ екен*. Әрине, солайы *солай да шығар*. Қарапайым халықтың да бұл тұжырымға оп-оңай *сене салуы да мүмкін*».

Пікірде, бағалауыштық сөйленісте нақты дерек туралы тұжырым орын алуы мүмкін, яғни пресуппозиция құбылысы анықталады. Мысалы: *Ол – жайбасар, сондықтан кеше жұмыстан кешікті деп ойлаймын* деген бағалауыштық мән орын алған сөйленістегі шындық екені ақиқат болғандықтан талқылауға жатпайтын нақты дерек – оның жұмыстан кешіккендігі туралы мәлімет.

**Бекіту, сендіру** хабарламаның ақиқаттығы тұрғысынан сенімді екенін айқындап, нақтылап тұратын сөздер мен сөз тіркестерінің (анық, сөз жоқ, күмансыз, анық, мәлім, белгілі) мәтінде я сөйленісте қамтылу мүмкіндігі арқылы анықталады.

**Коннотация** – сөз мағынасының эмоционалды, бағалауыштық, ассоциативтік, стилистикалық компоненті. Ол сөздің негізгі мағынасын толықтырып, қосымша реңк береді. Коннотативтік компоненттер негізінен субъективті болып табылады, ол тілді тұтынушының білім деңгейіне, дүнитанымына байланысты болады. Коннотативтік компоненттер көп жағдайда әлем бейнесін ұлттық ерекшеліктер тұрғысынан тануға негізделеді.

Сөйленістен я мәтіннен дерек, оқиға немесе тұлғаға байланысты **бағаны** анықтауда мағыналық қабатында сын, сапа элементтерін қамтыған бағалауыштық, эмоционалды-экспрессивтік, модальды сөздер мен синтаксистік құрылымдар назарға алынады. Оң бағалауыштық бірліктер орын алғанда, жағымды ақпарат туралы сөз болса, теріс бағаның қатысында жағымсыз ақпарат беріледі. Бағаны білдіруде, сондай-ақ сөздердің ауыспалы, метафоралық мағыналары да қолданылады. Әдетте, оқиғалар эмоционалды түрде бағаланса, нақты деректер (факт) рационалды бағаланады. Бұл орайда шындыққа сәйкестігі тексерілетін жағымсыз семантикалық мән қамтыған сөйленістер мен шындыққа сәйкестігі тексеруге жатпайтын бағалау сипатындағы сөйленістерді ажырату қажет.

«**Мәтін – сот-лингвистикалық сараптаманың нысаны**» деп аталатын **3 модуль** келесі тақырыптардан тұрады: Конфликтогенді жазбаша мәтін сараптамасы. Инвективті және бейинвективті лексика. Инвективті лексиканың түрлері мен сипаттары. Жазбаша мәтінді криминалистік зерттеудегі лингвистикалық талдау және пәнаралық, шектес ғылымдардың орны. Ар-намыс, абырой мен іскерлік беделді қорғауға байланысты азаматтық істер мәтіндерінің лингвистикалық интерпретациясы. Жала, қорлау және

ұлттық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыруға байланысты қылмыстық істер мәтіндерінің лингвистикалық интерпретациясы.

## Дәріс 8.

### Конфликтогенді жазбаша мәтін сараптамасы

Мәтін - өзін құрайтын сыңарлардың өзара іштей жымдасып тұтастыққа ие болған және өз мазмұнында объективті, субъективті мәндерді қамтитын күрделі құрылым болғандықтан, жеке немесе заңды тұлғаны сөзбен қорлау, намысына тию, тіл тигізу; ар-намысы, абыройы мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін тілдік мәліметтерді қамту мүмкіндігіне орай, яғни тілдік материалдар мәселелеріне байланысты туындаған қайшылықтар шешімінде сот-лингвистикалық сараптаманың нысаны болып табылады.

Баспасөзде я қағаз бетінде жарық көрген кез келген жарияланым, сондай-ақ көпшілік алдында сөйленген сөз – бұл біртұтас тілдік туынды, яғни мәтін ретінде оның жазбаша және ауызша формалары болып табылады. Мәтінді құрайтын тілдік бірліктер және олардың қолданылу тәсілдерінің аталмыш тілдік туынды аясында ұйымдасуы бір-бірімен тығыз байланысты және орайлас келіп, мәтін құрылымының жекелеген сыңарлары оның тұтас композициясымен (желісімен) тығыз бірлікте болып табылады. Осы ерекшеліктерге орай мәтіндегі әрбір тілдік деталь біртұтас мәтіннің мазмұндық, стильдік және композициялық рәсімделуі бойынша, сонымен бірге микроконтекст аясында – сөздің, сөз тіркестерінің, грамматикалық формалардың, нақты сөйлемдердің фразалық, абзацтық бөліктерде көрінуі тұрғысынан қабылданып бағаланады.

Контексте тілдік бірліктер, әсіресе сөздер және сөйленістер анықталған мәтіннің басқа тілдік құралдарымен бірлігінде (тіркесінде) қосымша мәндерге, стилистикалық реңктерге (коннотацияға) иеленуі мүмкін. Мұнда берілген шығарманың микро және макроконтекстерінің сөздің тілдік жүйеде бар стилистикалық, мағыналық мәндерінің көрініс табуына ықпалы зор болып табылады. Мысалы, Ш.Құрақбай мақаласының «Расында, қазақтардың ерекше даму жолы бар» деген аталымының астарлы мәні мен мысқылдық, кекесін сипаты контекст негізінде анықталады: *...Бір шетінен: толған өтірік, жала, ұрлық, жемқорлық та; екінші жақта кілең қорқыту, үрей, абақты, ойыншық соттар тұр. Және билік осының бәрін көре, біле тұрып, өміріміз бақытты, сайлауымыз әділ де таза өтіп жатыр деп көрсетуге тырысқанда, расында, Н.Назарбаев жиі айтатындай: Қазақстанның өзіндік ерекше даму жолы бар ма деп ойлап қаласың («Апта. Кз» №24(25)жұма, 9-қыркүйек, 2005).* Осы үзіндінің соңында берілген сөйленіс қоғамдағы өзара қайшылықты әрекеттердің - *толған өтірік, жала, ұрлық, жемқорлық, кілең қорқыту, үрей, абақты, ойыншық соттар және өміріміз бақытты, сайлауымыз әділ де таза өтіп жатыр* - қатар сипатталуы арқылы мақала авторы тарапынан кекесінге ұшырап тұр. Ал, *мазақ ойын, спектакль, автор, әкесі, шайқас* сияқты т.б. тілдік бірліктердің контексте автор қолдануында жеке немесе заңды тұлғаның ар-намыс, абыройы мен іскерлік беделіне кір келтіретін тілдік құралдарға айнала алатынын көреміз: *...Конституцияның 41-бабында тайға таңба басқандай 7 жыл деп анық жазылса да, «өтпелі ережелер» деген бөлімдегі 94-бапқа сілтеме жасап, ең басты сайлаудың өзін мазақ ойынға, спектакльге айналдырып келді.*

Сонымен енді нағыз «шайқас» басталайын деп тұр.

Айтпақшы, Н.Назарбаев өзін осы (1995ж. қабылданған) Конституцияның авторымын, «әкесімін» дегенді мақтанышпен жиі айтады. Олай болса, бұл Ата Заң президентке тек шексіз билік беріп қана қоймай, Нұрекеңнің басына қиын жағдай туғанда елді шатастырып, Парламентті «былықтырып», Конституциялық кеңесті «тығырыққа тірейтін» баптарды да өзі әдейі сонда «салып» жібергені ме? («Апта. Кз» №24(25)жұма, 9-қыркүйек, 2005). Контексте *спектакль, мазақ ойын* тілдік бірліктерінің субъекті қабылдауындағы теріс семантикасы, яғни бір құбылыстың атауы ғана емес, түкке

тұрғысыз нәрсе деген мағынасы қолданылған. Ал, *нағыз «шайқас», «әкесімін», «былықтырып», «тығырыққа тірейтін», «салып»* тілдік бірліктерінің ауыспалы мағынада қолданылып тұрғаны, кекесінді, сындық сипаты олардың тырнақша ішінде берілуінен-ақ белгілі болып тұр. Мақалада қорлау сипатындағы ақпарат, анайы, ерсі сөздер мен сөз тіркестері орын алмаған, яғни мақаланы құрайтын лексика тұтастай әдеби тіл элементтері болып табылады. Алайда әдеби тіл элементтері де контекстегі прагматикалық сипатына орай тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін бірліктер ретінде танылуы мүмкін. Сондай-ақ сын мақала елбасының жеке қасиеттеріне емес, қызмет, билік басындағы міндеттерін орындаудағы әрекеттерін заң, мораль тұрғысынан талдауға бағытталған. Мақала негізінде тұлғаның ар-намыс, абыройы мен іскерлік беделіне кір келтіретін сөйленістер жайындағы сұрақтар тууындап, оған жауап беру қажет болған жағдайда сарапшыларға елбасының өз атына айтылған сынды, мәліметті қалай қабылдайтынын және өзін жеке тұлға ретінде қалай бағалайтынын зерттеулеріне тура келеді. Ал мақалада орын алған мәліметтер шындыққа сәйкес келмесе, онда мақала авторы елбасының ар-намысы, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне кір келтірген деп табылады. Бұл орайда, жарияланымға сот-лингвистикалық сараптама жүргізу барысында ондағы тұлғаға байланысты баяндалған мәліметтердің жала я ақиқат екенін анықтау лингвист-сарапшының құзырына енбейтіні есімізде болуы керек.

Тілдік бірліктердің сөздіктерде, оның ішінде түсіндірме сөздіктерде, академиялық грамматикаларда, әр текті филологиялық анықтамаларда көрініс тапқан мағыналық, стилистикалық ерекшеліктері туралы мәліметтер сот-лингвистикалық сараптама жүргізуде барлық кезде жеткілікті, талапқа сай деуге келмейді. Сондықтан мәтінге сараптамалық-лингвистикалық талдау жасау барысында сөздің, грамматикалық формалардың, сөздің фонетикалық нұсқаларының, сөз формаларының әдеттегіден тыс ерекше қолданысына, фразалардың ерекше құрылымына т.с.с. ерекше назар аударып, микроконтексті, контексті және тұтас мәтінді үнемі ескеру қажет.

## Дәріс 9.

### **Инвективті және бейинвективті лексика. Инвективті лексиканың түрлері мен сипаттары.**

«Ерсі форма» (неприличная форма) – жәбірленуші тұлға туралы теріс баға; шүбасыз кекесінді; қоғамда адамдар арасында қабылданған қарым қатынас мәнеріне мүлде қайшылықты форма, көркем әдебиеттегі жағымсыз кейіпкерлермен және тарихтағы белгілі сүйкімсіз тұлғалармен салыстыру, балағат сөйленістер.

Нормаға жат лексика мен фразеологияның, яғни әдеби тілден тыс сөздар мен сөйленістердің қарым қатынаста қолданылуы қоғамдық мораль нормаларын бұзады. Олар жаргондардан, диалектілерден алынған сөздер де я әдеби сөз де болуы мүмкін. Нақты бір қарым қатынас жағдайында нақты адамға қарата «оңбаған я сұмырай» сияқты әдеби тілдегі сөздің қолданылуы да қоғамдық мораль нормаларына нормаға түспеген лексикадан кем қайшылық тудырмайды. Сөйтіп «нормативті емес лексикаға» байланысты орыс тіл білімі ғалымдары бұл терминнің екімәнділігін, әлі толық анықталмағандығын сөз етеді және әдеби тіл саласына жататын инвективті лексика мен фразеологияның 8 түрін бөледі:

А) О бастан қоғамға жат, әлеуметтік тұрғыдан айыпталатын әрекеттерді білдіретін сөздер мен сөйленістер: қарақшы (бандит), жүлік, алаяқ; б) қолданылуы барысында негізгі мәнінен теріс реңкі айқын білдірілген сөздер: халық жауы, нәсілшіл; в) ауыспалы мағынада қолданылатын кәсіп-мамандықтар атауы: қасапшы, баскесер; г) жануарлар атауына сілтейтін зоосемантикалық метафоралар: маймыл, шошқа, ит; д) «айыптау» мәніндегі немесе тікелей теріс бағалы етістіктер: жымқыру, түгімен жұту т.б.; е) өзінің негізгі мағынасында теріс және бір тұлға туралы соншалық экспрессивті бағалауды

қамтитын сөздер: жексұрын, сұмпайы; ж) I топтағы теріс, жағымсыз бағалауыш сипатты сөздердің мағынасын сақтай отырып, солардың орнын ауыстыратын эвфемизмдер: жеңіл жүрісті әйел, түнгі көбелек; з) адресатты қорлау немесе кемсіту үшін бағытталған окказионалды (арнайы жасалған) каламбурлық жасалымдар: шатақхана, істеп жүреді, істеп жүрген жерінде тістеп жүреді, жемократия (дерьмократы, прихватизация).

Көпшілікте қолданылған балағаттың барлық жағдайларын моралдық тұрғыдан айыптауға болады. Ал заң тұрғысынан келгенде әрбір жеке жағдайға негізделіп ажыратылуы, түсінілуі керек. Қорлау ұғымы ерсі сөздерді қолдану деген ұғыммен сәйкес, орайлас келмейді: қорлау ұғымы нақты адресатқа бағытталып, қасақана бір ниетті көздейді. Адамды көпшілікте балағат сөзді қолданды деген негіздемемен ғана қорлау үшін айыптауға болмайды. Ол үшін оның талапкерге қатысты айтылғанын және талапкерді қорлау, кемсіту ниеті болғанын дәлелдеу керек.

Заңгерлік көзқарас тұрғысынан инвективті лексика – бұл өз семантикасының экспрессивті реңкі мен бағалауыштық қабаты мазмұнында сөйлеушінің немесе жазушының тілдік актіде адресатты не үшінші бір тұлғаны қорлау, абыройын төгу, кемсіту ниетін қамтитын өте дөрекі, кекесін түрінде жеткізілетін сөздер мен сөйленістер. Инвективті лексикаға көбінесе жаргондар мен диалектілерден алынған әдеби емес ұрыс, балағат сөздер; әдеби тіл құрамына енетін қарапайым тілдік дөрекі лексика; әдеби, бірақ нормативті емес а), б), в) және д) топтағы сөздер жатқызылады.

Тілдік қарым қатынаста балағат сөздердің қызметі бірнешеу. Бастысы – тілдік актінің адресатын қорлау, кемсіту, намысын таптау. Сөйлеушінің қай әлеуметтік топтан екенін дабыра ету, хабардар ету; сөйлеушінің қандай «дөкей», еркін екенін көрсету; тілді барынша эмоционалды ету; сөйлеуші өзін психологиялық зорығудан босаңсыту; сұхбаттасушыға өзінің тоталитарлық шектеу жүйесіне қатынасын әйгілеу.

*Инвективті лексика* адресатты немесе үшінші бір тұлғаны қорлау, намысына тию, кемсіту ниетін көздейді.

*Бейинвективті лексика* экспрессивті, яғни өз мазмұнында теріс бағалауды немесе эмоционалды-экспрессивті мәнді қамтиды, бірақ адресатты қорлау, намысына тию, кемсіту ниетін көздемейді.

Әдеби инвективті лексика аясында әр түрлі топтар бар:

А) Инвективті мағыналы кітаби лексика (алаяқ, жезөкше). Бұл сөздерді қолдануда жала жабу жағдайы да болуы мүмкін: адамды осы сияқты сөздермен атау арқылы оны заңды бұзғаны немесе қоғамдық мораль нормаларын бұзғаны үшін айыптаймыз, шындығында бұл мәселенің шындықпен жанаспауы да әбден мүмкін.

Б) Жоғрыда аталғандай дөрекі инвективті мағыналы сөздерді ауыстыратын эвфемизмдер. Олар «адресатты» біртүрлі «аяйтындай» көрінгенімен, бәрібір сол инвективті лексика мәнін жеткізеді: жеңіл жүрісті әйел т.с.с..

В) Инвективті сөздердің метафоралы, ауыспалы мағынада қолданылуы: саяси жолбике, түнгі көбелек.

Г) Қорлаумен бізмәнді байланысты инвективті семантикалы әдеби сөздер: (сұмпайы, оңбаған).

Сондай-ақ анықталған әлеуметтік топ адамдары аузынан айтылған *академик*, *профессор* сөздері де кекесін мәнінде инвективті сипат алуы мүмкін. Алайда біз оның инвективтік сипатын түйсікпен сезсек те, оны дәлелдеу мүмкін емес (Цена слова, 2002).

## Дәріс 10.

### Жазбаша мәтінді криминалистік зерттеудегі лингвистикалық талдау және пәнаралық, шектес ғылымдардың орны

Сот-лингвистикалық сараптама пәнаралық сипатымен танылады. Ол тіл теориясы, жалпы тіл білімі, қазіргі қазақ тілі, стилистика, тіл мәдениеті, сөйлеу актілерінің теориясы,

сондай-ақ іс жүргізу, психоллингвистика, элеуметтік лингвистика, фонетика, герменевтика, прагматика, қолданбалы лингвистика сияқты пәндермен тығыз байланысты.

Жасырын атпен берілген мәтіннің авторын немесе сот ісінде анықталған бір құжатқа субъектінің авторлығы күман туғызған жағдайларда мәтіннің лексикалық ерекшеліктері, яғни сөздердің кәсіби, жаргондық, диалектілік, стильдік сипаты, қолданылу жиілігі назарға алынады да, субъектінің элеуметтік мәртебесі жөнінде белгілі бір деңгейде тұжырымдар жасалады. Осы орайда *СЛС (сот-лингвистикалық сараптама) мен элеуметтік лингвистиканың* өзара байланысы туындайды. «Тілді элеуметтік жүйенің нысаны ретінде түсінуді танытатын элеуметтік лингвистикалық бағыт» субъект сөзін я мәтінді «социолект – қандай-да бір элеуметтік топқа (кәсіптік, жас мөлшері, таптық қатынасы т.б.) тән тілдік ерекшеліктердің жиынтығы» (Сулейменова, Смагулова 2005, 355-б.) тұрғысынан лингвистикалық талдау негізінде субъектінің я автордың элеуметтік тобы, жас мөлшері, білім деңгейі жөніндегі мәліметтерді анықтауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, ауызша немесе жазбаша мәтіннің құрылымдық тұтастығын зерделеу арқылы осы мәтіннің туу кезінде оның авторының сол уақыттағы психо-физиологиялық күйін, ойлау жүйесіндегі ерекшеліктерді, жүйкесінің халін психологтармен бірлесе отырып анықтау сот-лингвистикалық сараптаманың *психоллингвистикамен тығыз байланысын* танытады. Мұнда мәтін арқылы қылмыскердің немесе қылмыстық іске тартылған субъектінің психологиялық портретін жасауға болатыны сот тәжірибесінде кездеседі.

СЛС-ның психоллингвистикамен байланысы қарым-қатынас психологиясын БАҚ-ындағы (Бұқаралық ақпарат құралдары) материал мазмұнының субъектіге (оқырман немесе жәбірленуші т.б.) эмоционалдық тұрғыдан әсер ету мүмкіндіктерінің психологиялық жайларын зерттеуде де байқалады. Баспасөз материалының ситуацияны баяндау стилі мен мәнері адамның я адамдар тобының сол жайға байланысты көзқарасының, пікірінің, эмоционалдық күйінің өзгеруіне әсер етуі мүмкін.

Лингвистикалық сараптама филологиялық зерттеудің ерекше түрі ретінде филологияның *герменевтика* (грекше –«сынаймын, түсіндіремін» деген мағынада) саласымен тығыз байланысты. Филологияның көне саласы - герменевтика мәтін сынымен, мәтіннің тілдік-композициялық құрылымын оның мазмұнымен, егер ол көркем шығарма болса, идеясымен, идеялық-эстетикалық және авторлық ниетпен байланыста талдаумен, сондай-ақ мәтіннің анықталған дәуірге сәйкес тілдік т.б. ерекшеліктер, мәдени-тарихи ақпараттар көрініс тапқан контекст мазмұны мен композициялық-тілдік құрылымын талқылаумен айналысады. Герменевтика белгілі бір мәтіннің түпнұсқа, канондық нұсқасын, сондай-ақ жасырын немесе бүркеніш атпен берілген сөз өнері туындыларына авторлықты анықтайды. Герменевтика аясында филологиялық мәтін интерпретациясы қалыптасты. Герменевтика қағидалары текстология, деректану, көркем шығарма тілі туралы ғылымдарда, палеография, эвристика (жасырын атпен берілген мәтіннің авторын анықтау) сияқты филологиялық пәндерде танылады. Бұл орайда В.В.Виноградов эвристиканың XIX-XX ғасырлардағы көркем әдебиет құбылыстарына қатынасына қарай қағидалары туралы айта келіп: «Бұл саладағы басты және негізгі зерттеу - жазушының жеке стилінің тілдік-көркемдік жүйесін терең және анық білу», - деп атап көрсетті /Виноградов 1969, 73-б./.

Сот-лингвистикалық сараптама жеке немесе заңды тұлғаның ар-намыс, абыройы мен іскерлік беделіне баспасөз жарияланымдары арқылы, сондай-ақ көпшілік алдында сөйленген сөз барысында нұсқан келуіне байланысты да жүргізіледі. Бұл тұрғыдағы сараптама лингвистиканың *тіл мәдениеті, тіл прагматикасы, тіл семантикасы сияқты салаларымен* тікелей байланысты. Жеке я заңды тұлғаның ар-намыс, абыройы мен іскерлік беделіне нұсқан келтірілді деген негізде соттық істің қозғалуына түрткі болған қандай-да бір жарияланымның тіл мәдениеті, прагматикасы келесі тілдік ерекшеліктер тұрғысынан зерттеледі:



- Жазба тіл нормасына сәйкестігі - автор мақаласының баяндалуында, мән-мазмұнында негізгі контексті дұрыс түсінуге мүмкіндік беретін анықталған тілдік нормалардың сақталуы;
- Сөйленістің нақтылығы – сөйлем мен сөздерде, жалпы синтаксистік құрылымдарда ойдың жеткілікті түрде нақты білдірілуі, бір мәнді түсінілуі, қосымша түсіндіруді керек етпеуі;
- Тілдің мәнерлілігі – ойды білдіруде оқырман қызығушылығын арттыратын әдістерді (сөйленіс құралдарының алуан түрлілігі, бай лексикалық қорды белсенді пайдалануы) қолдану ерекшелігі;
- Баяндаудың қисындылығы – мақала бөліктерінің өзара логикалық байланысқа ие болуы, алдыңғы сөйлемнің мәнінің келесі сөйлемде бірізді жалғасуы;
- Сөйленістің орындылығы, эстетикалық деңгейі, тіл тазалығы – қайшылықты аргументтердің болмауы, әдеби тілге жат жаргонизмдер мен тұрпайы лексиканың (вульгаризмдер) болмауы, тұлғаға байланысты теріс қатынасты білдіретін инвективті лексиканың болуы/болмауы. Семиотиканың бір бөлімі болып табылатын *прагматиканың нысаны* - анықталған ситуативті контексте тілдік таңбаның адресант-субъекті тарапынан қолданылу сипаты мен мәні және оның тыңдаушы я оқырман тарапынан қабылдануы тұрғысынан қарастырғанда СЛС-мен өзара байланысқа түседі.

### Дәріс 11.

#### Ар-намыс, абырой мен іскерлік беделді қорғауға байланысты азаматтық істер мәтіндерінің лингвистикалық интерпретациясы

*Ар-намыс* – бұл тұлғаның айналасындағылар көзімен берілген бағасы.

*Абырой* – тұлғаның өзіндік бағасы, оның өзіне қоғамдағы Кісі, тұлға ретінде қарауы.

*Іскерлік бедел* - жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның іскерлік абыройы, беделі туралы қоғамдық пікірде қалыптасқан тұрақты оң бағасы.

Баспасөздегі жарияланымдарда қандай да бір оқиға баяндалумен ғана шектелмей, оның авторының жекелеген пайымы, сол оқиғаны бағалау мәнін қамтитын мәліметтер және сол оқиғаны пайымдау барысындағы субъективтік-бағалаушылық тілдік құрылымдар орын алуы мүмкін. Мысалы, А.Әбсадықовтың «Әкімге еріп ғарышкерді «ғайбаттады»» мақаласы осы үрдістен көрінеді (Жас алаш, №106,4.IX.2004). Мұнда оқиға туралы мәлімет Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, Қазақтың тұңғыш ғарышкері Т.Әубәкіровтің №44 Қызылорда округінен Парламент Мәжілісінің депутаттығына үміткер болып түсуі, және соған орай осы округтен түскен үміткерлермен кездесу болғаны, кездесуге он үш үміткердің тоғызының қатысуы болса, осы оқиғаны бағалау мәнін қамтитын мәлімет - бұл *№44 Қызылорда сайлау округінен Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидат болып түскеніне шын жүректен қуандық, Сыр өңірін қалағанына риза болдық, онымен дидактасуды асыға күттік, бұл күн де келді, Тоқтар біз күткендегіден де артық әсер қалдырды сияқты тілдік құрылымдар арқылы оқиға туралы жағымды ақпарат берілсе, ал тұлғаны бағалау «айырықша адами болмыс бітім, қарапайымдылығы, шынайылығы, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен сыпайылығы сүйсіндірді»,- деген контексте беріліп, нақты оқиға туралы мәлімет емес, ондағы субъектінің жеке басына байланысты автордың ойын, бағасын білдіреді. Сондай-ақ бұл мақалада автор оқиғаны баяндауда және оған байланысты пайымды да көпше түрде (*риза болдық, шын жүректен қуандық, асыға күттік*) жеткізеді. Бұл жайды тілдік этикетпен байланыстыруға да, сондай-ақ баяндалатын оқиға көпшілікке қатысты болып және көпшілік ауаны, пайымы авторға белгілі бір дәрежеде мәлім болғандығымен де орайластыруға болады немесе өзін көпшілік мүддесін көздеуші ретінде таныта отырып, қалың оқырманға ықпал ету ниетін қамтиды деп прагматикалық тәсіл тұрғысынан да түсіндіруге болады. Мәселен, ...*Алайда Тоқтарға залдағы белгісіз біреуден «Сіз бұл жаққа неге келдіңіз, неге сайлауға түстіңіз?»- деген жазбаша сұрақ түскенін естігенде айран-асыр қалдық. Кездесуде сөз сұрап мінбеге**

*шыққан Қазақстанның еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері, белгілі су маманы Меделхан Нәлібаев жиналған халық атынан зарышкерден әлгі сұрақ үшін кешірім сұрады, «балалардың білместігін» көңіліне алмауын өтінді. Мақалада келтірілген бұл дерек көпшілік пайымы мен автордың жеке пайымының өзара үндестігін аңғартады.*

Жоғарыда аталған оқиға келесі түрде жалғасын табады: *...Алайда сорақысы соңында болды – бұл сөйленіс баяндалатын оқиғаны бағалау мәнін қамтыған мәлімет ретінде рөл атқарады. Ал «Сөз сұрап мінбеге шыққан халықаралық «Қазақстан-Заман» газетінің облыстағы тілшісі Бейбітбек Бүркітбаев: «Сіз бұл жақтан неге түстіңіз, неге келдіңіз? Біздің мүддемізді жергілікті азамат, қаланың бұрынғы әкімі Қожахмет Баймаханов қорғайды. Сол кісіге дауыс береміз. Еліңізге қайтыңыз», - деп ежірейді» деген контексте оқиға туралы мәліметпен бірге авторлық теріс эмоционалды реакция да, субъективтік пайым да «ежірейді» етістігі арқылы беріледі, яғни автордың айтылған ойды қолдамағаны, жақтырмағаны жанама түрде жеткізіледі. Жалпы тілдің өте күрделі құбылыс екені барлық уақытта, барлық заманда тілге тиек болып келеді. Ғалым С.Аманжоловтың: «Сөйлеу процесті, ал сөйлем процесті ғана емес, тиянақтылықты да, қарым-қатынастың басқа белгілерін де көрсететін категория екенін байқауымыз керек» (Аманжолов 1994, 151-б.), - деген пікірінің негізінде тілдік белгінің қолданыс үстінде белгілі бір субъектінің пайымын, бағасын да қамтитынын айтуға болады. Сот-лингвистикалық сараптама үшін маңызды болып табылатын тетік - қолданыс үстіндегі тілдік белгіні, жалпы тілдік құрылымды талдау арқылы субъект ниетін, мақсатын саралауда лингвист-сарапшы тіл біліміндегі прагматика саласының ғылыми-теориялық негіздемелеріне сүйенеді.*

Мақалада оқиғаның автор тарапынан тура бағалануы да контексте орын алған: *...Әлгі тілшінің ойсыздығына, күллі түркі халқының, исі мұсылманның мақтанышына айналған асыл азаматты кеудеге итерген келеңсіздігіне налыдық. Мұнда қандай да бір заттың я құбылыстың тікелей сапасын, бағасын білдіретін тілдік бірліктер қолданылмаса да, құрылым тұтастығында субъективтік баға анықталып тұр.*

Тілдік дау-жанжалдарға түрткі болып, соңында лингвист-сарапшының құзырына берілетін мәселенің бірі - тілдік материалда тұлғаға байланысты автор тарапынан мысқылдың орын алуы болып табылады. Мұнда мысқыл-кекесіннің астарлы түрде берілуіне орай заңгердің филологиялық танымы жетіспегендіктен, арнаулы маман қажет етіледі. Жоғарыда сөз болып отырған мақалада: *...Әкімшілік шекпенін сүйреткендердің айдауына түскен, асылық жасағандардың майда тірлігіне күйініп қайттық,* - деп берілген тілдік құрылымның нақты қай тұлғаға бағытталғанын анықтауда мәтін тұтастығы маңызды рөл атқарады. Мәтіннің осыған дейінгі – алдыңғы бөлігінде «Қазақстан-Заман» газетінің облыстағы тілшісі Б.Бүркітбаев сөзінде: «Біздің мүддемізді жергілікті азамат, қаланың бұрынғы әкімі Қожахмет Баймаханов қорғайды. Сол кісіге дауыс береміз», - делінген. Тілші Б.Бүркітбаевтың нақ осы сөзі автордың *әкімшілік шекпенін сүйреткендердің айдауына түскен* пайымына негіз болып тұр. Мәтін байланыстылығын, тілдік құралдардың астарлы мәнін аңғарып қабылдауда оқырманның я тыңдарманның жалпы фондық білімінің ортақтығы қажет. *Әкімшілік шекпенін сүйреткендердің айдауына түскен* тіркесін жасырын вербалды я пресуппозитивтік форма ретінде анықтаймыз. Себебі автор субъектіні тікелей білдірмегенімен, мәтін негізінде оқырман оны оңай аңғарады. Сондай-ақ *әкімшілік шекпенін сүйреткендердің айдауына түскен* тіркесі мазмұнынан тікелей бағалау көзге ұрып тұрмағанымен, авторлық субъективтік баға логикалық түрде, яғни мәтіннің алдыңғы бөлігіндегі деректер негізінде және тіркестің астарлы кекесінге құрылуынан көрінеді.

Автор қоғамдық-әлеуметтік топта әкімшілік, әкімдерге байланысты қалыптасқан теріс пікірді *шекпенін сүйреткен* тіркесі арқылы білдірген. Шекпенін кию емес – сүйрету, яғни әкім міндетін өз дәрежесінде атқара алмау, ілініп-салынып жүру деген мәнді аңғартады. Тіл – қоғамдық-әлеуметтік қатынас жағдайында субъектінің әр түрлі әлеуметтік, практикалық міндеттерді шешіп, мақсатына жетудегі бірден бір құралы. Осы орайда коммуникативті ықпал етудің субъект тарапынан сендіру, айналдыру сияқты тиімді

жолдары ізделеді. Бұл мақалада үгіт-насихат тікелей берілмегенімен, үміткерлердің нақты біреуіне жұртты дауыс беруге үндемегенімен, ғарышкердің ұлттық, тіпті мұсылман жұрты алдындағы беделін еске салу арқылы да оқырманның ғарышкерді я бұрынғы әкімнің қайсысын жақтайтынына икемдеу, бағыттау ниеті қамтылған.

## Дәріс 12.

### **Жала, қорлау және ұлттық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыруға байланысты қылмыстық істер мәтіндерінің лингвистикалық интерпретациясы**

**Қорлау** – бұл тұлғаға қатысты ерсі түрде айтылған және тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұсқан келтіретін жағымсыз баға. Бұл орайда жағымсыз бағалауыштық ақпарат әдеби тіл құралдарымен, сондай-ақ тұрпайы лексика ретінде танылатын сөздер арқылы да білдірілуі мүмкін.

**ҚР Қылмыстық Кодексінде 129 және 130 баптарда:**

#### **129-бап. Жала (Клевета)**

т.1. «Жала, яғни басқа тұлғаның ар-намысы мен абыройына нұсқан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтердің таратылуы, - жазаға тартылады....»;

т.2. Көпшілік алдында сөйлеуде не көпшілікке жарияланушы туындыда, не бұқаралық ақпарат құралдарында қамтылған жала, - жазаланады...»

#### **130-бап. Қорлау**

т.1. «Қорлау, яғни жағымсыз формада басқа тұлғаның ар-намысы мен абыройына тию – жазаланады;

т.2. Көпшілік алдында сөйлеуде не көпшілікке жарияланушы туындыда, не бұқаралық ақпарат құралдарында қамтылған қорлау – жазаланады ...», - деп көрсетілген.

Лингвист-сарапшы шешіміне тілдік қайшылықтарға байланысты соттық іс барысында ұсынылатын мәселелердің бірі – көпшілік алдында сөйленілген сөздің я баспасөз материалдарының жұртқа, қоғамдық ортаға әсер ету, ықпал ету күшін сараптау болып табылады. Бұл орайда да тіл білімінің прагматикалық тұжырымдары, мәліметтері ерекше маңызға ие. Прагматика субъектінің қоғамдық-әлеуметтік қатынас жағдайында өзіндік нақты бір міндеттерді шешуде, көздеген мақсатқа жетуде коммуникативті ықпал етудің құралы ретінде сөйлеу процесінде тілді қолдану ерекшеліктерін қарастырады. Осы тұрғыдан прагматика қағидалары лингвист-сарапшы тарапынан басшылыққа алынады. Ғалым И.С.Сусов прагматиканы таңбаны қолданушы – таңба – таңбаны қабылдаушы ретінде танитынын ескерсек (Сусов 1983, 5-б.), аталмыш мақалада субъект тарапынан тілдік бірлік жұртқа ықпал ету күшіне қарай екшеленіп қолданылған: *...Жұрт амалсыз тарауға айналды. Осы кезде Қазақстанның өнер қайраткері, белгілі жыршы, термеші «Қаны бар қазақтар қалыңдар, үгітке ергендерің кете беріңдер,» - деп жұртты тоқтатып, ғарышкерді қолдауға шақырды.*

Осы контексте тілді қолданушы және қабылдаушы тарапынан да ерекше мәнге ие тіркес – *қаны бар қазақтар, үгітке ергендерің* тіркесі. Себебі адамның жеке тұлға, ұлт өкілі ретіндегі бағасы осы тіркестердің астарында сілтенеді, сондай-ақ «кете беріңдер» сөйленісінің өзі айтылу интонациясында осыған кері әрекетке, яғни қалуға мәжүбір еткенін жұрттың тоқтап, ал белгілі термешінің оларды ғарышкерді қолдауға шақырды деген мәліметтен сөйленістің ықпал ету күшінің жүзеге асқанын көреміз.

**«Лингвистикалық білім және фоноскопиялық, автортанымдық сараптамалар»** деп аталатын 4 модуль келесі тақырыптардан тұрады: Дыбыстық сараптама және оның басқа лингвистикалық сараптамалардан ерекшелігі мен мәселелері. Автортанымдық сараптамалар және оның ерекшеліктері мен мәселелері. Тұлғаның психолингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, лингвистикалық келбетінің талдану принциптері.

## Дәріс 13.

### Дыбыстық сараптама және оның басқа лингвистикалық сараптамалардан ерекшелігі мен мәселелері

Соттық бейнедыбысжазбалық сараптаманың (СБС) ғылыми базасы лингвистикамен бірге криминалистика, электроакустика, дыбыстық техника, психология, әлеуметтану сияқты т.б. салалардың мәліметтеріне негізделген сараптамалық білім болып табылады.

СБС-ның пәні қаулыда көрсетілген жағдайлармен байланысты анықталады:

- Анық емес, сондай-ақ бұрмаланған жазбалардың мазмұны;
- Ауызша сөзінің жазбасы бойынша адамның жеке басы мен физикалық қасиеттері, жас мөлшері, білім деңгейі, ұлты, әлеуметтік және этникалық тегі;
- Сөзін жазу сәтіндегі тұлғаның психофизиологиялық күйі;
- Фонограмманы жазудың шарттары.

СБС-ның нысандары - магнитті фонограммалар, дыбыс жазу құралдары, салыстырмалы зерттеулер жүргізу үшін қажетті нұсқалар (үлгілер), сондай-ақ істің зерттеу пәніне жататын материалдары.

Фоноскопиялық зерттеулердің негізгі тікелей нысаны – адамның көрінбейтін электрмагниттік сигнал ретінде магнитті таспада бейнеленген сөзі мен дауысының қасиеттері. Криминалистикада дауыс ұғымы әрбір тұлғаның салыстырмалы түрде тұрақты индивидуалдық қасиеті ретінде адамның физикалық, психикалық ерекшеліктеріне негізделген сипаттарын бейнелейтін және сөйлеуді тудыратын аппараттың өзіне тән, дағдылы қозғалыс жүйесі арқылы жасалған дыбыстар жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Дыбысжазбада басылған сөздің сигналы бойынша тұлғаны идентификациялау ғана емес, сонымен бірге оның жеке басы туралы да криминалистикалық маңызды ақпараттың анықталуы мүмкін. Акустикалық сигнал өлшемдері (параметрлері) адамның антропометрикалық және жеке басылық мінез-құлық сипаттарын қамтыған маңызды корреляттардың көп мөлшерін анықтайды. Дауыстың негізгі тонының параметрлері, сондай-ақ форманттық құрылымы бойынша жыныстық тегі мен жас мөлшері танылады.

Ана тілін немесе ана тілі мен басқа тілдердің тоғысын (интерференция) ұлттық не диалектілік акцент белгілерін табу, яғни жекелеген сөздер мен дыбыстарды айту ерекшеліктері, екпіннің қойылуы мен дауыс ырғағының ерекшеліктері арқылы анықталады.

Адамның әлеуметтік мәртебесі оның сөзін фонетикалық, лексика-семантикалық және синтаксистік параметрлер бойынша жүргізілген сараптамалық бағалау әдісі негізінде беріледі. Сөйлеуші жайында белгілі бір әлеуметтік ақпарат – білімі, әлеуметтік мәртебесі және мамандығы – алу үшін оның сөзін келесі аспектілерде бағалау қажет: сөйлеу мәдениетінің деңгейі; сөйлеу типі (ауызекі сөйлеу, ғылыми тіл, көркем әдебиет); білімі; әлеуметтік жағдайы мен еңбек ету процесіндегі әлеуметтік рөлі; мамандық сипаты; тілдік белгілері.

СБС-ның әдістемесі лингвистиканың, сондай-ақ криминалистика, акустика, математика, электроника, дефектология, психология, медицина және т.б. ғылымдардың әдістеріне негізделеді.

СБС-ның тағайындалуы кезінде лингвист-сарапшыға келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

1. Дыбысжазбада басылған сөз оның жаттанды, я оқылған, я еркін үзінділері болып табыла ма?
2. Қатты шу, кедергі, бұрмалауға байланысты жазбаның түсініксіздігі жағдайында ұсынылған дыбысжазбада немесе оның үзіндісінде жазылған мәтіннің сөзбе сөз мазмұны қандай ?
3. Ұсынылған дыбысжазбада сөзі басылған адамның әлеуметтік сипаттамасы (интеллект, білімі, мамандығы-кәсібі, мәдениет деңгейі және с.с.) қандай?

4. Жазба жүргізілген жағдайдағы сұхбат түрі (жай әңгімелесу, ұрыс, қорқыту, қауіп төндіру, бопса т.б.) қандай?
5. Дыбысжазбаның жүзеге асуы алдындағы жағдай (жауап беруші тұлғаға физикалық я психологиялық қысымның көрсетілуі) қандай?
6. Берілген магниттік жазба анықталған жағдайларға (сараптаманың тағайындалуы туралы қаулыда сипатталған) орай орындалуы мүмкін бе?
7. Тұлғаның ауызша сөзін дыбыстық жазу сәтіндегі эмоционалдық, психофизиологиялық күйі қандай?
8. Дыбысжазда басылған сөз бен дауыс нақты бір адамдыкі ме немесе қаулыда көрсетілген нақты тұлғаныкі ме?
9. Сөз үзінділерінің қайсысы тексерілуші тұлғалардың қайсысына тән (осысыныкі я басқасыныкі)?

#### **Дәріс 14.**

##### **Автортанымдық сараптамалар және оның ерекшеліктері мен мәселелері**

Автортаным сараптамасының пәні жазбаша құжат авторлығымен байланысты іс жағдайы болып табылады.

Автортаным сараптамасының нысандары жазба тілдің түрлі стильдерінде орындалған құжаттардың мәтіндері болып табылады. Олар қолжазбалық, машинкада терілген, полиграфиялық және басқа әдістермен орындалған құжат мәтіндері болуы мүмкін. Сондай-ақ автортанымдық зерттеулердің тікелей нысандары: құжат мәтінінің құрылымдық ерекшеліктері, мәтіннің тілдік және ұғымдық мағыналық құрылымының сипаты. Мәтінде автордың тілдік және интеллектуалдық дағдылары көрініс табады.

Автортанымдық сараптаманың әдістемесі лингвистика, криминалистика, психолінгвистика, психология, әлеуметтік лингвистика, математиканың әдістеріне негізделеді.

Соттық автортанымдық сараптаманың шешіміне келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

- Нақты осы тұлға берілген мәтіннің авторы болып табыла ма?
- Бірнеше мәтіннің авторы бір ғана тұлға болып табыла ма?
- Берілген мәтін авторының білім деңгейі қандай?
- Берілген мәтін тілі мәтін авторының ана тілі болып табыла ма, егер ана тілі болмаса, автордың ана тілі қай тіл? Мәтін авторы қандай говор, диалектінің сөйлеушісі?
- Берілген мәтінді жазба тілдің ғылыми (публицистикалық, ресми т.б.) стильдерінің дағдыларын меңгерген тұлға құрастырған ба?
- Берілген мәтінді әдеттегі қалыптан тыс психофизиологиялық күйдегі тұлға құрастырған ба?
- Берілген мәтін жазба тілді қасақана бұрмалау арқылы құрастырылған ба?
- Берілген мәтін авторының әлеуметтік-биографиялық бейнесі қандай?

Материалдарды соттық автортанымдық сараптама үшін дайындаудың бірқатар ерекшеліктері бар. Соттық автортанымдық сараптама тағайындау туралы қаулыда сараптама пәніне қатысты келесі мәліметтер көрсетілуі керек:

- Жорамалданатын автордың жеке басы туралы (жынысы, жасы, білімі, кәсібі, ұлты, ана тілі, туған жері және тұрған жері, психологиялық ауруының бары/жоғы, құжатты құрастырған жобалы сәттегі денсаулық жағдайы) мәліметтер;
- Зерттелетін мәтін қамтылған құжат туралы (жіберілген жері, құрастырылған жағдайы, құрастырылған жобалы уақыты).

Зерттеуге жататын мәтін қамтылған құжатта реквизиттер дәл көрсетіліп және оның басқа ерекшеліктері сипатталуы керек.

Мәтін авторлығы туралы мәселенің шешімі мәтін бөліктерінің өзара байланыстылығы болып мәтін мағыналық мазмұнға ие болса, және оның көлемі 500 сөзден кем болмаған жағдайда табылуы мүмкін.

Ғалым В.В.Виноградовтың еңбегін зерделеу барысында ХХ ғасырдың 60 жылдарында Ресей тіл білімінде авторлықты анықтауда тарихи-стилистикалық және статистика-лингвистикалық немесе статистика-лингвистикалық әдіс-тәсілдерге үлкен ден қойылғанын, сондай-ақ әр түрлі көзқарас, пікірлердің орын алғанын көреміз: «Фердинанд Иосиф Шнейдер анонимді шығармалардың авторларын анықтауда стилистикалық талдауды бірден бір мінсіз тәсіл, құрал ретінде есептейді» (В.В.Виноградов, 1958).

П.Н.Берков Ф.И.Шнейдердің авторлықты анықтаудың бірден бір жолы деп стилистикалық-сыни интерпретацияны тануында боямалау (имитация), өңдеу (стилизация) сияқты нәрселерді ескермей отырғанын айта келе, егер анонимді шығармалардың авторлығын анықтауда биографиялық дәлелдерді ескермей, тек бір ғана стилистикалық дәлелдемемен шектеліп қалсақ, онда стилистикалық-сындық интерпретацияның жеткіліксіздігін мойындауымызға тура келеді. Стилистикалық-сындық интерпретация авторлықты анықтау мақсатында жүргізілетін талдаудың тек бір жағы ғана. Сонымен бірге оның тұжырымдық дәлелдері мен міндеттемелерінің жеткіліксіздігін сылтау етіп, мүлде жоққа шығаруға да болмайды. (П.Н.Берков, 1958.)

В.С.Нечаева мәтіннің тілі мен стилін зерттей келе, Пушкинге тән мәтінді Ф.Е.Корштың «Русалканың» қопал түрде қолдан жасалған жалғасы деп танығанына сілтей отырып, текстологтар тарапынан кеткен қателерді ескере келе, өкінішке орай, классик жазушылардың жеке стилін зерттеу жоғары деңгейде, яғни стилистикалық талдауға сүйене отырып, шығармалардың авторлығын дәл анықтай алатындай деңгейде (60ж.) тұрған жоқ деген пікір айтқан. (Нечаева В.С., 1957).

## Дәріс 15.

### Тұлғаның психоллингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, лингвистикалық келбетінің талдану принциптері

Бопса, қорқыту, қандай-да бір теріс әрекетке үгіттеу я біреу туралы жағымсыз жалған ақпарат тарату сияқты әр түрлі мазмұндағы анонимді мәтіннің автортанымдық сараптамасында жасырын автордың әлеуметтік сипатымен байланысты жайлардың да анықталуы қылымыстық істің тезірек ашылуына өзіндік үлесін қосары сөзсіз. Ал жасырын авторға байланысты түрлі әлеуметтік мәліметтер ішінде анонимді туынды иесінің жыныстық қатысын анықтау көптеген лингвист ғалымдардың, сондай-ақ психологтардың ғылыми ізденістеріне түрткі болып жүргенін көреміз. Яғни мәтінді оның субъектісімен сәйкестендіру (идентификация) мәселесі осы тұрғыда көптеген қағидалардың талдануын, анықталуын қажет ететін еді. Ресей ғалымы А.К.Ермолаев психологтардың әйелдерге тән даусыз белгі деп эмоционалдылықтың мейлінше жоғарылығын есептейтінін, сондай-ақ әйелдер мүддесіне адамдық қарым-қатынастар, отбасы, бала, тұрмыстық мәселелер етене болып, әйелдер әрекеті, сөзі көбінесе соған бағытталса, ерлерге мансапқа жету, саясатпен әуестену қасиеттерінің тән екенін көрсетеді. Алайда А.К.Ермолаев әйелдер мен ерлер арасындағы айырмашылық әйел жазған мәтін эмоциясы қарқынының жоғарылығында емес, әйел эмоциясының үдемелілігінде (динамикалылығында) дей отырып, егде әйел мен жасөспірім мәтіндерін салыстырса, жасөспірім хатының эмотивтік қарқыны жоғары болуы мүмкін екенін, әйел эмоциясының үдемелілігі тіпті егде жасында да ер адамдыкінен жоғары болуы мүмкін екенін айтады. Және *эмоция үдемелілігі* терминін икемділік пен синтез сияқты екі көрсеткіштің жиынтығында танытады. Эмоцияның құбылмалылығын (маневренность эмоции) мүдде нысандарының жаңа эмоциялық күйлердің синтезімен ұштаса отырып кенет ауысуы арқылы түсіндіреді. Яғни тек бір объектіден басқасына қарай жылжуды ғана емес, сонымен бірге алғашқы эмоционалдық күйден жаңасына көшуді білдіреді. Сондай-ақ ерлер өздері алға тартқан тезистеріне логикаға негізделген дәлелдемелер келтірсе, әйелдердің дәлелдемелерінің ақылмен бірге,

ал кей жағдайда ақылдан гөрі сезімге берілуі тұрғысынан орын алатынын, сөйтіп мәтіннің эмоционалдық сипатын күшейтетінін анықтайды. Балалар, адамшылық қарым-қатынастар, басқа әйел сияқты объектілерге әйел затының бей-жай қарамайтынын, мәтінде балалардың артықшылыққа ие объект ретінде интеллектуалдық емес эмоционалдық тұрғыдан аталып өтетінін және жоғарыда аталған объектілерге байланысты эмоция үдемелі сипат алып, міндетті түрде ауысатынын, сонымен бірге нәрселерге байланысты кішірейткіш, еркелету мәндерінің қолданылуы да әйел авторға тән белгі ретінде таниды (Ермолаев А.К. О лингвистической экспертизе текстов (квалификация половой принадлежности их автора) // <http://irbis.asu.ru/mmc/golev/18.ru.shtml>).

Бүркеніш есіммен жарияланған я авторы жасырын шығарманың авторын анықтау мәселесі шешіміндегі филологиялық бағытты Г.В.Ермоленко келесі түрде жіктейді: 1) идеялық-тақырыптық; 2) стилистикалық-тілдік; 3) құжаттық немесе деректік бағыттар. Және ғалым авторлықты идеялық талдау негізінде анықтауда мәтін мазмұн жоспары тұрғысынан зерттелсе, анонимді немесе псевдонимді шығармалардың тілі мен стилін талдау осы шығармалар мәтінін жеткізу жоспары тұрғысынан зерттеуге бағытталатыны туралы пікір айтуда тілдік теориялық қағидаларды алға тартады, «тіл – таңбалардың ерекше жүйесі» екенін, бұл орайда тілде таңбаның екі жағы – таңбалаушы және таңбаланушы сипатына байланысты атрибуция әдістерінің 2 түрін көрсетеді: 1) семантикалық – оның көмегімен мазмұн жоспары; 2) формалдық – оның көмегімен мәтіннің ақпаратты жеткізу жоспары зерттеледі, – дейді. Ғалым атрибуцияның ойды жеткізу жоспары тұрғысындағы формалдық әдісін жиілік ұғымымен байланыстырып, статистикалық және статистикалық емес деп бөледі. Яғни, бұл 1) жиілігі жоғары лексиканы бөліп алу тәсілі; 2) жиілігі төмен лексикалық бірліктерді анықтау тәсілі; 3) сөйлеу (речь) параллельдері тәсілі; 4) мәтіндердегі бейтарап сөздердің үлесін салыстыру тәсілдері арқылы анықталады. Сөйлеу параллельдері тәсілі өзара бәсекелес (жарыспалы) тілдік екі құбылыстың біріне жазушының я сөйлеушінің таңдау салуына орай индивидуалдық ыңғайы мен дағдысын тірек етеді.

Тіл - ойды білдірудегі негізгі құрал, сондай-ақ автор тарапынан білдірілетін ойды қабылдаушыға жеткізу тәсілі, бұл орайда әрбір мәтін және оны құрайтын элементтер коммуникативтік-семиотикалық өнім ретінде танылады. Коммуникативтік-семиотикалық тұрғыдан алғанда атрибуцияның барлық амалдарын екі топқа біріктіруге болады: 1) Мәтін мазмұны, автор тезаурусы мазмұны және референциалды орта мазмұны жоспарынан шығатын мағыналық, яғни семантикалық және прагматикалық ақпаратты пайдаланушы амалдар; 2) мәтіннің баяндалу я жеткізілу жоспары тұрғысынан алынған мәліметтерді пайдалануға құрылған амалдар.

Бірінші топ бойынша үш тәсіл бөлінеді:

- 1)  $t(n)$  (авторлығы беймәлім) мәтінін  $T(A)$  жиынтығына жатқызу үшін құжаттық-деректік материалдар қолдану. Мұнда текстолог-метабақылаушының анонимді мәтіннің қандай-да бір референциалды орта жағдайында жасалғанын ескеріп, сол орта туралы алған мәліметтері басты орын алады. Мұндай мәліметтерге көбінесе мәтіннің тікелей өзінен емес, референциалды ортадан алынған және осы мәтінді жасаушы деп болжанатын авторлықты растауы я жоққа шығаруы тиіс мәлімет; долбар жасалатын автор өмірбаянының детальдары туралы мәлімет; мәтінді баспаға даярлауға қатысушы тұлғалар мен замандастарының куәлігі, оның ел арасына таралуы т.б.; түрлі ресми құжаттар. Бұл дәлелдерді қолдану анонимді шығарма авторлығын мүлтіксіз анықтауға барлық кезде кепіл болмайтынына текстология тарихы куә болып отыр.
- 2) Авторлығы анықталушы  $t(n)$  мәтін тақырыбы мен сюжетін, жалпы идеялық-көркемдік мәселелерін  $T(A)$  жиынтығына енетін мәтіндердің идеялық-көркемдік және сюжет-тематикалық ерекшеліктерімен салғастыру. Денотативтік-десигнативтік сипаттардың салғастырылуы да бірімәнді әрі абсолютті сенімді шешім бере алмайды.

- 3) Мәтіннің кіші бөліктерінің (сегменттерінің – сөзформалары, жалқы есімдер, сөз тіркестері, сөйлемдер) ішкі формалары мен семантикасының жақындығын немесе сәйкестігін ескеру. Әсіресе,  $t(n)$  мәтінде және  $T(A)$  жиынтығындағы мәтіндерде байқалған екінші семиозис (метафоризация) механизміндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды талдау құнды нәтижелер береді. Алайда бұл амалды да абсолютті сенімді деп ғалым танымайды.

Мәтінді мазмұн жоспары, авторлық тезаурус пен референциалды орта мазмұны жоспары тұрғысынан талдауға сүйенетін амалдардың сенімділік дәрежесінің жеткіліксіз болуының басты себебі – коммуникативтік-семиотикалық процестің осы барлық аспектілері мәліметті жіберуші тарапынан саналы түрде қолданылып, бақыланады. Нақ осы тұрғыдан  $t(n)$  анонимді мәтінінің шын авторы  $t(n)$  мәтінде сюжеттік-тематикалық арқауын да, екінші семиозис белгілерін қамтитын ерекшелікті де, тіпті мүлде басқа автор жазған мәтінге тән идеялық бағытты да қалауы бойынша боямалауы мүмкін.

Атрибуция мәселесіндегі семантикалық тәсілдерге тағы бір кемшілік тән. Ол – текстологтың семантикалық амалдарды қолдана отырып, өзі алған нәтижелерінің сенімділік дәрежесін сандық тұрғыдан бағалау мүмкіндігіне ие бола алмауы, яғни  $t(n)$  – анонимді мәтінінің  $T(A)$  мәтіндер жиынтығына жату коэффициентін есептеу мүмкіндігіне ие емес.

Атрибуция шешімінде сүйенілетін тәсілдің екінші тобы ішіндегі: 1) Анонимді мәтіндердің қолжазбалық шимайларының палеографиялық талдауы мен графологиялық сараптамасы өлең құрылысы мен ырғақ тәсілдерін зерттеумен теңдей. 2)  $t(n)$  анонимді мәтіннің стильдік өлшемдерін бізге белгілі  $A$  авторының  $t_1, t_2 \dots$  мәтіндері нұсқаларының осы тектес өлшемдерінің статистикалық көрсеткіштерімен салғастыру. Атрибуциядағы бұл формалды амалдың бірінші тобы да өз нәтижесін сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік бермейді. Сондай-ақ, анонимді мәтінге оның шын авторының сенімді бетпердесін танытатын белгілердің саналы түрде енгізілу мүмкіндігін ескермекке болмайды (қолтанбасын келтіріп жазу, шимайларды даярлауда сия мен қағазды арнайы сұрыптау; өлең құрылысы мен ырғағына бейімделу; анонимге емлелік дағдыларды өзгерту қиынырақ болғанымен де, текстология тәжірибесінде бұл типтің де кездескені туралы айтады).

Атрибуциядағы семантикалық және дәстүрлі формалдық тәсілдердің көрсетілген кемшіліктерін жоюға тырыса отырып, қазіргі текстология авторлығы анықталатын мәтіннің анонимді автордың саналы түрдегі бақылауына аз ұшырайтын белгілеріне сүйене отырып,  $t(n)$  мәтіні атрибуциясы сенімділігінің сандық бағасын алуға мүмкіндік беретін әдістерді іздестіруде. Атрибуцияның бұл тұрғыдағы мәселесінде XIX ғ. аяғында В.Я.Буныковский ұсынған, XX ғ. басында Н.А.Морозов дамыта түскен, қазіргі уақытта отандық және шетелдік текстологияда кеңінен таралған статистикалық әдіс маңызды орын алады. Бұл әдіске сәйкес қарастырылатын мәтіннің анықталған бір авторға тәндігі туралы долбарды қабылдау я теріске шығару әрқашанда ықтималдық сипатқа ие. Математикалық тілмен айтқанда,  $t(n)$  – авторы анықталмаған мәтін және авторы белгілі бірнеше шығармалар бар:  $T(A) = \{t_1, t_2 \dots, t(n)\}$ . Мұнда атрибуцияның негізгі мәселесі  $t(n)$  мәтінін  $T(A)$  жиынына жатқызу қатыстық коэффициентімен сипатталады, яғни  $0 < p < 1$ , мұнда  $p$  біздің болжамымыздың сенімділігінің сандық бағасы. Бұл әдістер барысында алынған нәтижелердің ақиқат сияқты көрінгеніне қарамастан, оған толық сенуге болмайды, - деп көрсетеді (Ермоленко 1988).



